

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 наурызда № 16667 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-тармағын жүзеге асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық есебін жүргізу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 68 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15516 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 8 қыркүйегінде жарияланған);

2) "Кәметке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алуды жүргізу қағидасын бекіту туралы" 2017 жылғы 8 ақпандағы № 10 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14898 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 4 сәуірінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналасуын;

4) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры*

Қ. Қожамжаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

М. Бекетаев

2018 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының жанындағы

Соттардың қызметін қамтамасыз

ету департаментінің

(Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының м.а.

Қ. Елібаев

2018 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2018 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

А. Шпекбаев

2018 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы

К. Мәсімов

2018 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2018 жылғы 27 ақпандағы
№ 29 бұйрығымен
бекітілген

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алудың (бұдан әрі – тегі бойынша есепке алу) және ұстап

алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алудың (бұдан әрі – дактилоскопиялық есепке алу) мәліметтерін жүргізу, пайдалану және сақтау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АДАЖ) – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ақпараттық жүйесі, онда қолдың саусақ таңбалары бойынша қалыптастырылатын дактилоскопиялық ақпаратты жүргізу, жинақтау, өңдеу және ұсыну жүзеге асырылады;

2) ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі – АЕК) – ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі – АЕК) – белгіленген үлгідегі құқықтық статистикалық ақпараттың материалдық (қағаз, магниттік, оптикалық, электрондық) жеткізгіші, оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптастырылады;

3) арнайы есепке алу – мемлекеттік құқықтық статистика саласындағы құжатталған ақпаратты мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету үшін жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жүйелеу, сыныптау, сақтау;

4) "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЕА ААЖ) – Комитеттің ақпараттық жүйесі, онда арнайы есепке алудың мәліметтерін жүргізу, жинақтау, өңдеу және ұсыну жүзеге асырылады;

5) арнайы есепке алу субъектілері – қылмыстық қудалауды, қылмыстық жазаны орындауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, арнайы мекемелер, сот органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әкімшілік және көші-қон полициясының бөлімшелері;

6) графикалық көшірме – jpeg, jpg, tiff, png форматтарындағы (фотобейнелерді сақтау үшін форматтар) мәліметтерді қамтитын графикалық ақпарат;

7) Комитеттің аумақтық органы – облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалар және оларға теңестірілген мамандандырылған бөлімшелері (әскери, көлік) ;

8) Комитеттің аумақтық органдарының өкілдері – каладағы аудандардың және аудандардың аумағында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру үшін жауапты Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлері;

9) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі (бұдан әрі – ҚАО ААЖ) – қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың қызметкерлері мен (немесе) жұмыскерлеріне мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық ақпараттық ресурстарды беруге арналған, "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Заңға сәйкес өз қызметін жүзеге

асыру шеңберінде олардың сұрау салулары бойынша ғана электрондық ақпараттық ресурстарды алуға мүмкіндік беретін құпия ақпараттық жүйе;

10) орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасы (бұдан әрі – ОАДБ) – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарымен (бұдан әрі – ҚР ІІМ ҚАЖ) мәлімет енгізілетін автоматтандырылған деректер базасы;

11) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – СДТБТ) автоматтандырылған деректер базасы, онда Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдер, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізудің қозғалысы, арыз иелері мен қылмыстық процестің қатысушылары туралы мәліметтер енгізіледі, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында электрондық форматта қылмыстық іс жүргізу жүзеге асырылады;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлы қол құралдарының көмегімен құрылған және электрондық құжаттың нақтылығын, оның керек-жарағын және мазмұнының өзгермеуін растайтын электрондық цифрлы рәміздердің жиынтығы;

13) үгі-сілтеме – интернет-ақпараттық ресурсқа жүгіну тәсілі.

3. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуды Комитет және оның аумақтық органдары АЕА ААЖ және АДАЖ-ды электрондық форматта, тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларды қағаз тасымалдағышта жүргізу жолымен жүргізеді.

АЕА ААЖ және АДАЖ-ды жүргізуді Комитет және оның аумақтық органдары барлық Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай электрондық ақпараттық жүйелерде іске асырады.

Орталықтандырылған дактилоскопиялық картотеканы жүргізу (бұдан әрі – орталықтандырылған есепке алу) Комитетте жүзеге асырылады.

4. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алудың субъектілері (бұдан әрі – арнайы есепке алудың субъектілері) АЕҚ-ның толықтығын, нақтылығын және мерзімінде Комитеттің аумақтық органдарына ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Орнатылған нысандағы және осы Қағидалармен көзделген материалдың сапасына сай АЕҚ-ның бланктері арнайы есепке алудың субъектілерімен дайындалады.

2-тарау. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу мен олардың есепке алу құжаттарын сақтау тәртібі

5. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу АЕҚ-ның негізінде жүзеге асырылады.

1-параграф. АЕҚ-ның нысандары мен рәсімдеу тәртібі

6. Қағаз тасымалдағыштағы АЕҚ-ның нысандары:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Әліпбилік есепке алу карточкасы";

2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Дактилоскопиялық карта" (бұдан әрі – 1-дактилоскопиялық карта);

3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Әкімшілік қамаққа алынған адамға дактилоскопиялық карта" (бұдан әрі – 2-дактилоскопиялық карта);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Белгілі тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамға дактилоскопиялық карта" (бұдан әрі – 3-дактилоскопиялық карта);

5) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарлама" (бұдан әрі – хабарлама).

Әліпбилік есепке алу карточкалары қатты қағазда (картон), дактилоскопиялық карталар және сотталған адам (күзетпен қамауға алынған) туралы хабарламалар жазба қағазда дайындалады.

7. Электрондық тасымалдағыштағы АЕҚ-ның нысандары:

1) электрондық әліпбилік есепке алу карточкасы – СДТБТ мәліметтерінің негізінде АЕА ААЖ-да автоматты түрде қалыптастырылатын, арнайы есепке алу субъектілерімен Комитеттің аумақтық органдарына ұсынылатын әліпбилік есепке алу карточкасы;

2) сотталған адам (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарлама (бұдан әрі – электрондық хабарлама) – ҚР ІІМ ҚАЖ-дың органдарымен хабарламаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және АЕА ААЖ-да электрондық әліпбилік есепке алу карточкасының деректемелерін автоматты толтыру үшін АЕА ААЖ-ға жіберіледі;

8. Арнайы есепке алудың субъектілері қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын, ұстап алынған, белгілі тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға қатысты АЕҚ-ны (қағаз тасымалдағыштағы) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес рәсімдейді.

Тиісінше рәсімделмеген, көзделген барлық деректемелер толтырылмаған, орнатылмаған нысандағы бланкілерде және сапасыз материалда толтырылған, мәліметтерге тазарту, түзету және өзге де өзгертулер енгізілген, қарастырылған адамдардың қолдары қойылмаған тиісінше рәсімделмеген АЕҚ Комитеттің аумақтық органдарымен анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арнайы есепке алудың тиісті субъектісіне қайтарылуға жатады.

Арнайы есепке алудың субъектілері АЕҚ қайта пысықтауға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мәліметтерге түзету енгізу немесе нақтылау жүргізеді және АЕҚ жіберілген бұзушылықтың себебін түсіндіре отырып, қайта Комитеттің тиісті аумақтық органына жіберіледі.

2-параграф. Қылмыстық қудалау органдарының АЕҚ-ны ұсыну тәртібі мен мерзімдері

9. Адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алғаннан кейін қылмыстық қудалау органы бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ҚР ҚПК-нің 300-бабына сәйкес жеке басын куәландыратын құжаттың (бұдан әрі – жеке басты куәландыратын құжат) не жеке басты анықтау туралы қаулының көшірмесін қоса бере отырып, 1-дактилоскопиялық картаның бір данасын құрастырады және Комитеттің аумақтық органына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжат болмаған жағдайда қылмыстық қудалау органы оны талап ету бойынша шаралар қабылдайды.

10. Шынайы сауалнамалық деректер анықталған жағдайда, жаңа дактилоскопиялық карта құрастырылады, онда бұрынғы сауалнамалық деректер, сондай-ақ оларды өзгерту негіздері көрсетіле отырып, бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің аумақтық органына жіберілуге жатады.

11. Саусақтарының тері жабынының ауруларына немесе өзге де уақытша ауыруларына (сынуы) байланысты папиллярлы сызықтарының айқын және анық бедерлерін алу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық қудалау органы бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына дәрігердің еркін нысандағы анықтамасын қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамға арналған дактилоскопиялық картаның бір данасын жібереді. Осындай саусақтарды емдеу аяқталғаннан кейін дактилоскопиялық картаның бір данасы сол мерзімде Комитеттің аумақтық органына жіберіледі. Егер саусақтар емделуге жарамаса, артқы бетіне дәрігердің қорытындысы жазылған дактилоскопиялық карта ұсынылады.

12. Істері қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымының, сондай-ақ олардың әскери және көліктік бөлімшелерінің іс жүргізуіндегі қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамдарға дактилоскопиялық карталар қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жері бойынша бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің тиісті аумақтық органына ұсынылады.

13. Қылмыстық қудалау органында ұсталатын адам қайтыс болған жағдайда арнайы есепке алуға өзгерістер енгізу үшін бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына мынадай қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбаларының және анықтамалардың:

"Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9

бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда қайтыс болу туралы мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасы, 8-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда қайтыс болу туралы куәлік, 19-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда қайтыс болу туралы анықтама, 24-қосымшасына сәйкес қағаз тасымалдағышта қайтыс болу туралы мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасы, 39-қосымшасына сәйкес қағаз тасымалдағышта қайтыс болу туралы анықтама (бұдан әрі - қайтыс болу туралы акт) нысандары көшірмелерінің біреуі жіберіледі.

3-параграф. Тергеу изоляторлардың, гауптвахталардың және қылмыстық жазаны орындайтын органдардың АЕҚ-ны ұсыну тәртібі мен мерзімдері

14. Тергеу изоляторы, гауптвахта күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған (сотталған) адамды қамауға алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей әліпбилік есепке алу карточкасының екі данасын және жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаттың не жеке басын анықтау туралы қаулының көшірмесін қоса бере отырып, 1-дактилоскопиялық картаның екі данасын құрастырады және Комитеттің аумақтық органына жібереді.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған (сотталған) шет елі азаматы болып табылатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттарына олардың аудармасы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жері, жынысы және басқасы) қоса беріледі.

Шет елі азаматы болып табылатын адамның, азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда әліпбилік есепке алу карточкасына "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында аталған деректерді қамтитын жеке басты куәландыратын құжаттарына сәйкес оның жеке басын куәландыратын өзге құжат қоса беріледі.

Жеке басты куәландыратын құжат болмағанда тергеу изоляторы, гауптвахта бес жұмыс күнінен кешіктірмей қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органына сұрау салады жібереді, сот үкімінде қайшы келетін деректер анықталған жағдайда тиісті деректерді нақтылау туралы сұрау салуды үкім шығарған сотқа сол мерзімдерде жібереді.

15. Күзетпен ұсталып отырған (сотталған) адамның шынайы сауалнамалық деректері анықталған жағдайда жаңа АЕҚ құрастырылады, олар бұрынғы сауалнамалық деректерді, сондай-ақ оларды өзгерту негіздерін көрсете отырып, бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің аумақтық органына жіберілуге жатады.

16. Осы Қағидалардың 11-тармағымен көзделген жағдайда тергеу изоляторы, гауптвахта бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына дәрігердің еркін нысандағы анықтамасын қоса бере отырып, күзетпен ұсталып отырған (сотталған) адамға әліпбилік есепке алу карточкасының екі данасын жібереді. Осындай

саусақтарды емдеу аяқталғаннан кейін дактилоскопиялық картаның екі данасы сол мерзімдерде Комитеттің аумақтық органына жіберіледі. Егер саусақтар емделуге жарамаса, артқы бетінде дәрігердің қорытындысы жазылған дактилоскопиялық карталар ұсынылады.

17. ҚР ІІМ ҚАЖ-дың органдары бес жұмыс күні ішінде электрондық хабарламаларды қалыптастырады және әліпбилік есепке алу карточкасының декректемелерін АЕА ААЖ-да автоматты түрде толтыру үшін мынадай:

ҚР ҚПК-нің 151, 153-баптарына сәйкес күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын жою немесе өзгерту;

үкімнің көшірмесімен бірге үкімнің орындалуы туралы өкім алу;

бірінші сатыдағы сот шығарған үкім алу;

адамды соттаудан кейін не сотталған адам жазаны өтеу орнына кеткеннен кейін тергеу изоляторында, гауптвахтада қалдыру жағдайларда АЕА ААЖ-ға жібереді.

Органдардың ақпараттық жүйелерінің АЕА ААЖ-мен интеграциясы болмаған жағдайда тергеу изоляторы, гауптвахта бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына хабарлама жібереді.

Тергеу изоляторы, гауптвахта хабарламаны/электрондық хабарламаны қоюмен бір уақытта Комитеттің аумақтық органына қағаз тасымалдағышта растайтын құжаттар (жеке басты куәландыратын құжат, заңды күшіне енген үкім, үкімнің көшірмесімен бірге үкімнің заңды күшіне енуі туралы қаулы немесе өкім) жібереді.

18. Сот қылмыстық істің материалдарын эпизод бойынша жеке іс жүргізуге бөлу туралы сілтемесі бар сот актісін шығарған кезде тергеу изоляторы, гауптвахта сот актісін алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей әліпбилік есепке алу карточкасының екі данасын және дактилоскопиялық картаның екі данасын құрастырады және Комитеттің аумақтық органына жібереді.

19. Тергеу изоляторы, гауптвахта экстрадициялық қамақ тәртібінде күзетпен ұсталып отырған адамды басқа елге іс жүзінде берген (экстрадициялау) күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына қағаз тасымалдағышта экстрадициялау туралы қаулының көшірмесін бөлек жібереді және шығарылу (экстрадиция) күні мен себебі туралы мәліметтерімен тиісті хабарлама немесе электрондық хабарлама қалыптастырады. Экстрадициялық қамақтың күшін жою нәтижесінде экстрадициялық қамақ тәртібінде күзетпен ұсталып отырған адамды босатқан кезде босату туралы хабарлама немесе электрондық хабарламамен бірге жеке қағаз тасымалдағышта қабылданған шешім туралы растаушы құжаттардың көшірмелері жіберіледі.

20. Күзетпен ұсталып отырған адамды тергеу изоляторынан, гауптвахтадан уақытша шығарған кезде хабарлама немесе электрондық хабарлама қалыптастырылмайды.

Күзетпен ұсталып отырған адамның жеке ісі мұқабасының ішкі жағының жоғарғы сол жақ бұрышында орындаушы туралы мәлімет, АЕҚ-ның саны және жіберу мерзімдері, сондай-ақ мекенжай көрсетілуге жатады.

21. Тергеу (анықтау) органының немесе басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (мемлекеттің) сотының тапсырмасы бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған адам туралы тергеу изоляторы, гауптвахта бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын және қай органның қарамағына жіберілгені, кеткен күні туралы қосымша мәліметтерін көрсете отырып дактилоскопиялық картаның бір данасын ұсынады.

22. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында орналасқан ҚР ІІМ ҚАЖ-дың мекемесінен ҚР ІІМ ҚАЖ-дың мекемесіне келген адам туралы бес жұмыс күні ішінде сол облыстағы Комитеттің аумақтық органы үшін электрондық хабарлама қалыптастырылады.

Басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотымен сотталған, сол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ҚР ІІМ ҚАЖ-ның мекемесіне жазасын өтеуге келген адамға әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасы құрастырылады және сол облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы Комитеттің аумақтық органына жіберіледі. Бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-дың деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттің сотымен сотталған, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ҚР ІІМ ҚАЖ-дың мекемесіне жазасын өтеуге келген адамға заңды күшіне енген тағайындалған жаза туралы сот үкімінің және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚК) сәйкес оның әрекетін саралау туралы Қазақстан Республикасының соты шығарған сот актісінің көшірмелерін қоса бере отырып әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасы құрастырылады және келген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сол облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы Комитеттің аумақтық органына жіберіледі. Бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырылады.

Транзиттік-жөнелтілуші сотталғанға электрондық хабарлама АЕА ААЖ-да деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін, оның жазаны өтеу орнына келгеннен кейін қалыптастырылады.

23. Егер ҚР ІІМ ҚАЖ-дың мекемесіне келген адамның жеке ісінде Комитеттің аумақтық органына АЕҚ-ның жіберілгені туралы белгі жоқ болса, сотталушы келген ҚР ІІМ ҚАЖ-дың мекемесі осы Қағидалардың 15-тармағымен көзделген тәртіпте әліпбилік есепке алу карточкалары және дактилоскопиялық карталары құрастырылады.

Осы АЕҚ-ны Комитеттің аумақтық органына жіберген кезде сотталушының жеке ісінде бастапқы тіркеу туралы мәліметтердің болмауына байланысты, оларды құру фактілері көрсетуге жатады және осы адам қамауда ұсталған тергеу изоляторы, гауптвахта көрсетіледі.

24. ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталушыға қатысты үкім өзгерген жағдайда ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесі тиісті сотқа оның орындалуы туралы хабарлайды және үкімге енгізілген өзгерістер туралы қағаз жүзіндегі сот қаулысын бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жібереді және енгізілген өзгертулер туралы мәліметтерді көрсете отырып, АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады.

Басқа өңірде сотталған адамға, сондай-ақ соттың істі қайта қарау бойынша тиісті үкімі (қаулысы) келіп түскенге дейін, сол мерзімде (сотталу жері бойынша Комитеттің аумақтық органы үшін) тиісті мәліметтермен электрондық хабарлама қалыптастырылады.

25. ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесінде жазасын өтеу кезінде қайта сотталған адамға АЕҚ-ны осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес тергеу изоляторы, гауптвахта немесе адам тергеу изоляторында, гауптвахтада қамауда ұсталмаса түзету мекемесі құрастырады.

26. Сотталушы босатылса немесе қайтыс болса, өзгерту жөнінде сот шешімі, оның ішінде ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесінің түрі өзгерсе, жазаның мерзімі қысқартылса, бас бостандығынан айыру түріндегі өтелмеген жазаның бөлігі жеңіл жазаға ауыстырылса, рақымшылық қолданса, шартты-мерзімінен бұрын босатылса, бас бостандығынан айыру орнына қайтарылса және басқа жағдайларда ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесі (тергеу изоляторы, гауптвахта) бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-дың деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін хабарлама және электрондық хабарлама қалыптастырады.

Сотталушы шартты-мерзімінен бұрын босатылған немесе қайтыс болған жағдайда, бөлек қағаз тасымалдағышта босату туралы сот қаулысының немесе қайтыс болу туралы актінің көшірмелері жіберіледі.

Жол бойында қайтыс болған сотталушыға қайтыс болғаны туралы актіні алғаннан кейін сотталушы шыққан ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесімен электрондық хабарлама қалыптастырылады.

Кешірім жасау актісі орындалған адамға қатысты ҚР ПМ ҚАЖ-ның мекемесі бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-да деректемелерді автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады.

27. Айдаудағы сотталушы жол бойындағы айдауда ауырып қалған жағдайда тергеу изоляторы, гауптвахта ол орналастырылған емдеу мекемесіне орналасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады.

28. Қамаққа алу түріндегі жазалау шарасын орындайтын тергеу изоляторы, гауптвахта сотталушы келгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде (қамаққа алу түріндегі жаза тағайындалғанға дейін күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған адамдардан басқа) Комитеттің аумақтық органына жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, әліпбилік есепке алу карточкасының екі данасын және дактилоскопиялық картаның екі данасын, сотталушы босатылған кезде – көрсетілген мерзімде хабарлама немесе электрондық хабарлама жібереді.

29. Пробация қызметі шартты түрде сотталған, үкімнің орындалуын кейінге қалдырумен, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, бас бостандығын шектеуге сотталған адамды пробациялық есепке алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады және Комитеттің аумақтық органына бөлек қағаз тасымалдағышта үкімнің көшірмесін және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Пробация қызметі қылмыстық қудалау органында немесе тергеу изоляторында дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген адамды (жекеше айыптау істері) пробациялық есепке алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, дактилоскопиялық картаның бір данасын ұсынады.

30. Басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотымен сотталған адамға пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады және қағаз тасымалдағышта әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын, үкімнің және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

31. Есепке алуда тұрған адам жазадан босатылған немесе оған қатысты үкім өзгерген жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша есептен алынған жағдайда, пробация қызметі тиісті процестік шешімді алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сотталушыны пробация қызметінің есепке алуынан алу негізі немесе үкімнің өзгеруі туралы толық мәліметтерді көрсете отырып, АЕА ААЖ-ның деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін электрондық хабарлама қалыптастырады және бөлек қағаз тасымалдағышта заңды күшіне енген сот қаулысының көшірмесін ұсынады.

4-параграф. Арнайы қабылдауыштардың және қабылдауыш-таратушылардың АЕҚ-ны ұсыну тәртібі мен мерзімдері

32. 2-дактилоскопиялық карта құрастырылады және арнайы қабылдауышқа орналастырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жеке басты куәландыратын

құжаттың көшірмесін қоса бере отырып қамаққа алу жері бойынша Комитеттің аумақтық органына жіберіледі.

33. Шет елдік, азаматтығы жоқ адамда жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда дактилоскопиялық картаға әкімшілік қамаққа алуды қолдану туралы қаулы қоса беріледі.

34. Сауалнамалық деректердің түпнұсқасы анықталған жағдайда, арнайы қабылдаушы бес жұмыс күні ішінде бұрынғы сауалнамалық деректерін, сондай-ақ оларды өзгерту негіздерін көрсете отырып, Комитеттің аумақтық органына есепке алу деректерін түзетуге арналған ақпаратты ұсынады.

35. Осы Қағидалардың 11-тармағымен көзделген жағдайда медицина қызметкерімен қорытынды беріледі.

36. Қабылдаушы-таратушы белгілі тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамды босатқаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына 3-дактилоскопиялық картаның бір данасын ұсынады.

Бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында күнтізбелік үш жыл ішінде (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін) бір адамды дактилоскопиялық есепке алуға қайта қоюға жол берілмейді. Күнтізбелік жылды есептеу адамның әкімшілік қамаққа алынған немесе қабылдаушы-таратушыдан босатылған күннен бастап жүзеге асырылады.

Бостандығын алдын ала шектеу мерзімі ішінде қабылдаушы-таратушы қызметкерімен расталған жеке басы анықталған адамға арналған дактилоскопиялық картаға жеке басын куәландыратын құжаттың расталған көшірмесі қоса беріледі.

37. Жеке басын анықтау мақсатында қабылдаушы-таратушы белгілі тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамды орналастырған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына 3-дактилоскопиялық картаның бір данасын және осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Дактилоскопиялық есепке алу бойынша тексерілуге жататын адамға арналған талапты" (бұдан әрі – дактилоскопиялық есепке алу бойынша тессеру үшін талап) Комитеттің арнайы есепке алулары бойынша тексеру үшін жібереді.

38. Белгілі тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, сауалнамалық деректері анықталмаған адамға қатысты Комитеттің аумақтық органына ұсынуға жататын дактилоскопиялық картада сауалнамалық деректер туралы мәліметтер Комитеттің арнайы есепке алулары бойынша тексеру нәтижелеріне сәйкес көрсетіледі. Комитеттің арнайы есепке алулары бойынша мәліметтер болмаған жағдайда дактилоскопиялық карта Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі Бас ақпараттық-талдау орталығының (бұдан әрі – РФ ИМ БАТО) базасы негізінде қолданылатын ТМД қатысушы мемлекеттерінің Мемлекетаралық ақпараттық банкі (бұдан әрі – МАБ) деректері негізінде (олар болған кезде) құрастырылады.

Егер тексеру іс-шаралары нәтижесінде қабылдауыш-таратушыдан босатылған адамға арналған бұрынғы жіберілген дактилоскопиялық картада көрсетілгеннен басқа сауалнамалық деректер анықталған болса, қабылдауыш-таратушы үш жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына есепке алу деректерін түзету үшін ұсталған адамның жеке басын анықтау бойынша тексеру нәтижелері туралы анықтаманың көшірмесін жібереді.

39. Әкімшілік қамаққа ұшыраған, сондай-ақ қабылдауыш-таратушыға орналастырылған адам қайтыс болған жағдайда, арнайы есепке алуларға өзгерістер енгізу үшін Комитеттің аумақтық органына бес жұмыс күні ішінде қайтыс болу туралы актінің көшірмесі жіберіледі.

40. Тұрақты (уақытша) тұрғылықты жерін растайтын құжаттары, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ шет елдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да арнайы есепке алуға жатады.

5-параграф. Айыппұл түріндегі жазаны орындайтын әділет органдарының АЕҚ-ны ұсыну тәртібі мен мерзімдері

41. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін айыппұл түріндегі жазаны орындайтын әділет органдары сотпен айыппұл түріндегі жазаға сотталған адамның айыппұлды толық төленгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде айыппұлды төлеу туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін (атқару іс жүргізудің тоқтатылуы туралы қаулы, айыппұлды төлеу туралы түбіртек және басқа) қоса бере отырып, айыппұлды өндіріп алу жері бойынша Комитеттің аумақтық органына жазбаша түрде хабарлайды.

6-параграф. Комитеттің аумақтық органдарында АЕҚ-ны өңдеу, енгізу және сақтау тәртібі мен мерзімдері

42. АЕА ААЖ-да электрондық әліпбилік есепке алу карточкасы СДТБТ-ның деректемелерін осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес АЕА ААЖ-ға және АДАЖ-ға ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу тәртібіне сәйкес (бұдан әрі – АЕҚ-ны енгізу тәртібі) автоматты түрде толтыру жолымен қалыптастырылады.

43. Әліпбилік есепке алу карточкалары қағаз тасымалдағышта келіп түскенде Комитеттің аумақтық органының қызметкері бес жұмыс күні ішінде деректерді АЕА ААЖ-бен салыстырады және мәліметтерде айырмашылық болған жағдайда бір жұмыс күні ішінде оны нақтылау және жою бойынша шаралар қабылдайды (егер қате АЕА ААЖ-да анықталған болса, СДТБТ-да тиісті түзетулерді жүргізеді, егер қате АЕҚ-да болса, әліпбилік есепке алу карточкасын арнайы есепке алу субъектісіне қайтарады).

44. Қағаз тасымалдағыштағы дактилоскопиялық карталар және әліпбилік есепке алу карточкалары (олар АЕА ААЖ-да болмаған жағдайда) АЕА ААЖ растайтын құжаттардың (үкім, қаулы, хабарлама, үкімнің орындалуы туралы өкім, жеке куәлік,

паспорт, ҚАО ААЖ-ның мәліметтері немесе басқа құжат) графикалық көшірмелерін сала отырып, Комитеттің аумақтық органдарына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен асырмай осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша АДАЖ және АЕА ААЖ-ға енгізілуге жатады.

Қайтыс болу туралы актіні алғаннан кейін графикалық көшірме салына отырып бес жұмыс күні ішінде қайтыс болу туралы мәлімет АЕА ААЖ-ға және Комитетке тиісті жазбаны енгізу туралы сұрау салумен АДАЖ-ға енгізіледі.

45. Комитеттің аумақтық органдарында АЕҚ өңделгеннен, АДАЖ-ға енгізілгеннен және АЕА ААЖ-мен салыстырылғаннан кейін осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларды құру тәртібіне сәйкес тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда сақталады.

Картотекада әліпбилік есепке алу карточкаларын орналастырған кезде, оларда күн және осы жұмысты жүргізген қызметкердің тегі көрсетіледі, дактилоскопиялық карталардың келесі жағында сол жақ төменгі бұрышында дактилоскопиялық формуланы есептеген күн, қызметкердің тегі көрсетіледі.

46. АЕҚ-ны өндеген кезде олардың уақытылы ұсынылуы және дұрыс рәсімделуі, толтыру сапасы және дактилоскопиялық карталар мен әліпбилік есепке алу карточкаларындағы саусақ таңбаларының бірдей болуы тексеріледі.

Саусақ таңбалары бойынша дактилоскопиялық карталар мен әліпбилік есепке алу карточкаларында көрсетілуге жататын дактилоскопиялық формулалар есептеледі.

47. Келіп түскен әліпбилік есепке алу карточкаларын және дактилоскопиялық карталарды орналастырғанға дейін Комитеттің аумақтық органының қызметкері картотекаларда оларды анықтау, күдікті, айыпталушы ретінде тарту мақсатында, бұрын сотталғандандығы, оның ішінде басқа да (ойдан шығарылған) сауалнамалық деректермен жасырынғандардың болуына адамдарды тексеруді жүргізеді.

Тегі бойынша картотекада осы адамға қатысты, бірақ бұрын АЕА ААЖ-ға енгізілмеген әліпбилік есепке алу карточкалары анықталған жағдайда АЕА ААЖ-ға мәліметтер бұрын қойылған АЕҚ-дан енгізіледі.

48. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда әліпбилік есепке алу карточкасы мен дактилоскопиялық картаның бір данасынан орналастырылады.

Күзетпен ұсталған (сотталған) адамдарға қатысты әліпбилік есепке алу карточкалары мен дактилоскопиялық карталардың қалған даналарынан әліпбилік тәртіпте тергеу (анықтау) және сот органдарының процестік шешімдерінің келіп түсуін қадағалау жөніндегі бақылау картотекасы құрастырылады.

Сауалнамалық деректердің түпнұсқаларын анықтағаннан кейін әліпбилік есепке алу карточкалары мен дактилоскопиялық карталар келіп түскен кезде бұрынғы әліпбилік есепке алу карточкалары мен дактилоскопиялық карталар жойылуға жатады және жою

әдістері көрсетілген жою туралы актіні құрастыра отырып, бөлім бастығының және жауапты қызметкерлердің қатысуымен комиссиямен жойылады, ал олардың орнына жаңа АЕҚ орналастырылады.

Егер әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасы әрі қарай РФ ПМ БАТО-ға жіберу үшін Комитетке жіберілуге жататын болса, тегі бойынша картотекада орналастырылған карточкада екінші дананы Комитетке жіберу күні туралы белгі қойылады.

49. Қабылданған процестік шешімдері туралы мәліметтер тазартулар мен қысқартуларсыз толық әрі нақты әліпбилік есепке алу карточкаларына енгізілуге жатады.

Толық емес немесе қайшы мәліметтер анықталған жағдайда, оларды толықтыру немесе нақтылауға шаралар бір жұмыс күнінен астырылмаған мерзімде қабылданады.

Әліпбилік есепке алу карточкасында көрсетілген адамға қатысты сауалнамалық деректерді өзгерту соттың сауалнамалық деректерді өзгерту туралы тиісті қаулысының негізінде жүзеге асырылады, оның көшірмесі заңды күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Комитетке жіберіледі.

Комитеттің әскери және көліктік басқармалары тергеу (анықтау) органдарымен, әскери және көліктік прокурорлардың қадағалауындағы немесе тиісті әскери соттар қабылдаған қылмыстық істер бойынша процестік шешімдері туралы мәліметтерді енгізуді мен олардың келіп түсуіне бақылауды жүзеге асырады.

50. Комитеттің аумақтық органдары күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамдар туралы ақпаратты, сондай-ақ оларға қатысты қабылданған процестік шешімдер туралы мәліметтерді СДТБТ-да тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей СДТБТ-ның мәліметтерімен АЕА ААЖ-да электрондық әліпбилік есепке алу карточкасының автоматты қалыптастырылуының мониторингін жүзеге асырады.

Салыстырып тексеру барысында Комитеттің аумақтық органының қызметкері АЕА ААЖ-ға растайтын құжаттардың (заңды күшіне енген үкім, қаулы және басқа) графикалық көшірмелерін енгізеді. Шет елдіктерге, сондай-ақ ЖСН-ні жоқ ҚР-ның азаматтарына АЕА ААЖ-ға жеке басты куәландыратын құжаттардың графикалық көшірмелері, жеке баыны анықтаған кезде тиісті қаулының көшірмесі енгізіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттарында қазақ және орыс тілдерінен өзге тілде толтырылған сауалнамалық деректері бар шет елдіктерге қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органнан сауалнамалық деректердің аудармасы сұратылады.

Қылмыстық істері қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымдарының іс жүргізуіндегі адамдардың мәліметтерін АЕА ААЖ-мен салыстыруды қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жердегі Комитеттің тиісті аумақтық органының қызметкері жүргізеді.

Ұқсас түрде теріс қылықтар, бұйрықтық іс жүргізу тәртібінде аса ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша процестік шешімдер не қылмыстық заңды күшіне енген үкімдер (қаулылар) қабылданған адамдар бойынша мәліметтер салыстырылады (ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардан басқа).

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмаған, бірақ МАБ-қа жіберілуге жататын сотталғандарды қоспағанда, оларға қатысты Комитеттің аумақтық органының қызметкері әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын құрастырады және бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитетке жібереді, жоғарыда көрсетілген адамдардың санаттарына қағаз тасымалдағышта карточкалар құрастырылмайды.

Комитетке жіберілуге жатпайтын растайтын құжаттардың (қағаз тасымалдағышта) көшірмелері, оларды ұсыну және түзету бойынша хат алмасулар жеке номенклатуралық іске тігіледі (қалыптастырылады).

51. Жекеше айыптау істері бойынша әліпбилік есепке алу карточкасы АЕА ААЖ-да автоматты түрде СДТБТ-мен қалыптастырылады. Комитеттің аумақтық органының өкілдері әр он күндік сайын 5, 15 және 25-і күндері Қазақстан Республикасы сот органдарының "Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесімен (бұдан әрі – "Төрелік" ААТЖ) жекеше айыптау істері бойынша процестік шешімдері заңды күшіне енген адамдардың тізімдерін (ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды қоспағанда) қалыптастырады және оларды АЕА ААЖ-мен салыстырып тексереді. Жетіспеген мәліметтер кейіннен АЕА ААЖ-да мәліметтерді жаңарту үшін бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды күшіне енген үкімнің (қаулының) графикалық көшірмелерін қоса бере отырып, СДТБТ-ға енгізіледі. Шет елдіктерге, сондай-ақ ЖСН-і жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарына АЕА ААЖ-да жеке басты куәландыратын құжаттардың графикалық көшірмелері қоса тіркеледі.

52. Хабарламаның мәліметтері Комитеттің аумақтық органына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-ға енгізілуге жатады (растайтын құжаттардың графикалық көшірмелерін қоса сала отырып).

Электрондық хабарламалардағы мәліметтер автоматты түрде АЕА ААЖ-да толтырылады. Комитеттің аумақтық органының қызметкері ОАДБ-дан келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық әліпбилік есепке алу карточкасындағы тиісті деректемелердің толтырылуының толықтығына, дұрыстығына АЕА ААЖ-мен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Хабарлама немесе электрондық хабарлама мен электрондық әліпбилік есепке алу карточкасы арасында қарама-қайшылық анықталған жағдайда, Комитеттің аумақтық органның қызметкері оны нақтылау және жою бойынша дереу шаралар қабылдайды.

Нақты емес мәліметтер ұсынылған немесе мәлімет мүлдем болмаған жағдайда Комитеттің аумақтық органы бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті органдарға хат жібереді.

Комитеттің аумақтық органдары мәліметтерді әр айдың 3-күні ҚР ІІМ ҚАЖ-дың аумақтық органдарымен өзара салыстырады. Көрсетілген мерзімде ОАДБ-мен қалыптастырылған электрондық хабарламалар мәліметтердің болуына, нақтылығына және толықтығына АЕА ААЖ-ның мәліметтерімен салыстырып тексеріледі. Өзара салыстырып тексерудің нәтижелері осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Пробациялық есепке алудағы, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдардың саны бойынша салыстырып тексеру актісімен" екі данада рәсімделеді. Қарама-қайшылықтар анықталған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде оларды анықтау және жою бойынша шаралар қабылданады.

53. АЕА ААЖ-да автоматты түрде толтыруға барлық электрондық хабарламалар жатады, оның ішінде бас бостандығынан айыру орнына келу/кету, пробация қызметтерінің есепке алуына қою/шешу, босату туралы, шартты мерзімінен бұрын босату, өтелмеген жазаның бөлігін жеңіл жаза түріне ауыстыру, режимнің түрінің өзгеруі, қайтыс болу және оның орнын тіркеу, заңды күшіне енген сот үкімінің өзгеруі туралы, айдаудағы сотталушының жол бойындағы айдауда ауруына байланысты тергеу изоляторының, гауптвахтаның емдеу мекемесіне ауыстыру туралы, кешірім жасау актісі орындалған адамдарға, ТМД қатысушы мемлекеттерінің сотымен сотталғандарға, ҚР ІІМ ҚАЖ-ның мекемесіне жазасын өтеуге келгендерге, айрықша жазаны орындау туралы электрондық хабарламалар.

ОАДБ-дан келіп түскен мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда, электрондық хабарлама бес жұмыс күні ішінде "Пысықтауға қабылдау / кері қайтару" функционалын пайдалану жолымен кері қайтарылуға жатады.

Сотталған адамның қайтыс болуы туралы және айрықша жазаға сотталған адамға қатысты үкімдерді орындау туралы мәліметтер әліпбилік есепке алу карточкасына енгізілгеннен кейін мәліметтер дактилоскопиялық картаға енізіледі.

54. Комитеттің аумақтық органы тергеу изоляторынан, гауптвахтадан экстрадициялық қамаққа алу тәртібінде күзетпен ұсталған адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы хабарлама/электрондық хабарлама келіп түскен сәттен бастап немесе ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейтін жағдайлар анықталған болса, бес жұмыс күнінен кешіктірмей АДАЖ және АЕА ААЖ-ға адамның тергеу изоляторынан, гауптвахтадан шығарылу уақыты мен себебі туралы мәліметтерді енгізеді және АЕА ААЖ-да тиісті деректемелердің автоматты түрде толтырылуын салыстырып тексереді. Экстрадициялық қамаққа алу тәртібінде күзетпен ұсталған адамға бұрын ұсынылған АЕҚ бақылау және тегі бойынша картотекалардан алынады. Комитетке АЕА ААЖ-да арнайы есепке алудан шешу үшін адамды экстрадициялау туралы хабарлама жіберіледі.

Күзетпен ұсталған адамды уақытша ұстап берген (экстрадициялаған) кезде, АЕҚ картотекалардан алынбайды және мәліметтер АЕА ААЖ-да есепке алудан шешілмейді.

55. Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуларды жүргізуге жауапты қызметкері АЕҚ-ны өңдеу кезінде соттардың процестік шешімдерінде Қазақстан Республикасы қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамасының нормалары талаптарының бұзылуларын анықтаған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорларды ақпараттандырады.

56. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда АЕҚ және АЕА ААЖ мен АДАЖ-да мәліметтер осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес "Ақпараттық есепке алу құжаттарын тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда және мәліметтерді "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақтау мерзімдерінің тізбесіне" сәйкес сақталады.

7-параграф. Комитеттің аумақтық органдарының АЕҚ-ны және тізімдерді орталықтандырылған есепке алуға ұсыну тәртібі мен мерзімдері

57. Комитетке тек МАБ-қа ұсынылатын АЕҚ жіберілуге жатады.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, МАБ-қа жіберілуге жататын адамдарға АЕҚ және өзге де құжаттар Комитетке айына екі рет 15 және 30 күндері ілеспе хатпен ұсынылады, онда осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша дактилоскопиялық формулаларды көрсете отырып, әліпбилік тәртіппен бір данада құрастырылған "Ақпараттық есепке алу құжаттары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерінің Мемлекетаралық ақпараттық банкіне жіберілетін адамдардың тізімін" қоса бере отырып, жіберілетін әліпбилік есепке алу карточкаларының, дактилоскопиялық карталардың саны көрсетіледі.

Айына екі рет 15 және 30 күндері бөлек ілеспе хатпен күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмаған, бірақ МАБ-қа жіберілуге жататын адамдарға қатысты бір данадан әліпбилік есепке алу карточкасы жіберіледі.

58. Толықтығы мен дұрыстығы нақтылауды және есепке алу субъектілерінде тексеруді қажет еткен АЕҚ-ы Комитетке уақытылы ұсынылмауы себебі көрсетіле отырып, жеке ілеспе хатпен жіберіледі.

8-параграф. Есепке алу мәліметтерін МАБ-қа ұсыну тәртібі мен мерзімдері

59. Комитет осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық ақпараттар банкіне ұсынуға жататын ақпараттық есепке алу құжаттарының тізбесіне" сәйкес тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алудың мәліметтерін айына кемінде екі рет ілеспе хатпен РФ ПМ БАТО МАБ-қа жібереді.

60. АЕҚ-ны (әліпбилік есепке алу карточкалары және дактилоскопиялық карталар) МАБ-қа жіберген кезде, Комитет АЕА ААЖ-да оларды РФ ПМ БАТО-ға жіберген күні қойылады.

МАБ-қа жіберілуге жататын электрондық хабарламалар Комитеттің қызметкерімен басып шығарылады, басып шығарылған хабарламаларға АЕА ААЖ-мен салыстырып тексеруді жүргізген қызметкердің тегі және күні қойылады және тегі бойынша есепке алуға жетекшілік жасайтын Комитеттің бөлім бастығының қолы қойылады.

9-параграф. Соттардың АЕҚ-ны ұсыну тәртібі мен мерзімдері

61. Сот органдары ақпараттық өзара іс-қимылға сәйкес "Төрелік" ААТЖ-дан Комитеттің ақпараттық жүйелеріне мәліметтерді электрондық нысанда беру жүзеге асырылады.

Соттар электрондық АЕҚ-ны жіберген кезде, "Төрелік" ААТЖ-да url-сілтемені алу үшін бір мезгілде келесі мазмұндағы сот актілері бар идентификатор жіберіледі:

1) бірінші, апелляциялық және кассациялық соттармен шығарылған, қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген үкімдер (қаулылар), оның ішінде жекеше айыптау істері бойынша;

2) мынадай:

ҚР ПМ ҚАЖ-дың мекемесінің түрінің өзгеруі, жазалау мерзімін қысқарту, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру, неғұрлым жеңіл жазаны бас бостандығынан айыруға және басқаларға ауыстыру, рақымшылық жасау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату кезінде, бас бостандығынан айыру орнына қайтарылу, жасалған қылмысты қайта саралау, қылмысты қылмыссыздандыру туралы;

сотталғандықты алып тастау туралы;

сотталушылардың және құқық бұзушылардың сауалнамалық деректерінің өзгеруі туралы сот актілерін орындаумен байланысты материалдар бойынша.

62. ҚР ҚПК-нің 470-бабының үшінші бөлігіне сәйкес бірінші сатыдағы сот, үкімнің заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей үкімді орындауға енгізеді.

ҚР ҚПК-нің 472-бабының екінші бөлігіне сәйкес үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес үкімді орындауға келтіретін органға жібереді. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға қатысты істі апелляциялық қарау нәтижелерін апелляциялық сатыдағы сот хабарлайды. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде үкім өзгертілген жағдайда, үкімнің көшірмесіне апелляциялық саты қаулысының көшірмесі қоса беріледі.

10-параграф. Ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөлімшелерінің адамдардың анықтамалық деректерін өзгертуі туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдері

63. Адамдар анықтамалық деректерін өзгерткен кезде ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелері әр айдың 15 және 30 күндеріне қарай Комитеттің аумақтық органдарына осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша " Анықтамалық деректерінің (тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), ұлтын, жынысын, туған күнін мен жерін) ауысу себебімен жеке басты куәландыратын құжаттарды алмастыру мәселесі бойынша ішкі істер органдарына жүгінген азаматтар туралы мәліметтерді" ұсынады.

64. Тізімдерде көрсетілген адамдарға тегі бойынша есепке алу бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Комитеттің аумақтық органы көші-қон полициясы органдарына Қазақстан Республикасының құжаттандырылатын халқының орталықтандырылған ақпараттық базасынан формуляр мәліметтерін ұсыну туралы сұрау салуды немесе сауалнамалық деректерін өзгерткен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға 1974 жылғы үлгідегі паспорттар көшірмелерін жібереді.

65. Анықтамалық деректерін өзгерткен азаматтарға қатысты мәліметтер болған кезде, жаңа сауалнамалық деректері бойынша тегі бойынша картотекада орналастыру үшін Комитеттің аумақтық органының қызметкері бес жұмыс күнінен кешіктірмей әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын құрастырады, оның мәліметтері (кіріс және шығыс нөмірлерімен) көші-қон полициясы бөлімшесі хатының графикалық көшірмесін қоса бере отырып) және Қазақстан Республикасының құжаттандырылатын халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасынан формуляры немесе паспорттар мәліметтерімен АЕА ААЖ-ға енгізіледі. Бұл ретте, бұрынға сауалнамалық деректер бойынша әліпбилік есепке алу карточкасында азаматтың анықтамалық деректерін толық көрсете отырып, өзгеруі туралы белгілеу қойылады, осыған ұқсас мәліметтер АЕА ААЖ-ға енгізіледі.

66. Сауалнамалық деректері өзгерген азаматтарға қатысты әліпбилік есепке алу карточкалары бұрын Комитетке МАБ-қа қою үшін жіберілген жағдайда, Комитеттің аумақтық органының қызметкері жаңа анықтамалық деректермен әліпбилік есеп карточкасының қосымша 1 данасын құрастырады және АЕА ААЖ-ға ақпарат енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде кейіннен РФ ПМ БАТО-ға жіберу үшін карточкалардың тізімдері қоса бере отырып, ілеспе хатпен Комитетке жібереді.

АЕА ААЖ-ға жаңа анықтамалық деректермен мәліметтер АЕА ААЖ мен АДАЖ-ға АЕҚ-ны енгізу тәртібінің 8-тармағына сәйкес енгізіледі.

11-параграф. Есепке алу мәліметтеріне түзетулер енгізу тәртібі

67. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуда тұрған адамдардың сауалнамалық деректеріне АЕА ААЖ-ға түзету енгізуді, оларды есепке алудан шешуді, қате енгізілген мәліметтерді жоюды Комитеттің тегі және дактилоскопиялық есепке алуды жүргізуге жауапты бөлімшесі (бұдан әрі - 3-бөлімше) жүзеге асырады.

Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуда тұрған адамдардың сауалнамалық деректеріне АЕА ААЖ-ға түзету енгізу, қате енгізілген мәліметтерді жою қажет болған жағдайда, Комитеттің аумақтық органы бастығының не жетекшілік ететін орынбасарының қолы қойылған 3-бөлімге түзету туралы толық мәліметтер көрсетіле отырып, деректемелерді түзету және СДТБТ-ға және/немесе бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйеге (бұдан әрі – ББСЖ) қате енгізілген мәліметтерді жою қажеттігі туралы субъектінің өтінішхатын қоса, растаушы құжаттардың графикалық көшірмесін тіркей отырып, уәждеделген хат жіберіледі.

АЕА ААЖ-ға қате енгізілген мәліметтерді жою туралы сұрау салуда себебі көрсетіледі (Комитеттің аумақтық орган қызметкерінің қате енгізуі, СДТБТ және/немесе ББСЖ-ға қате енгізу, есепке алу субъектілерінің шынайы емес мәліметтерді ұсынуы және басқа). Адамды есепке алуға негізсіз қойған жағдайда (адам іс бойынша куәгер болып өткен жағдайда, сауалнамалық деректері дұрыс болмағанда және басқалар) жауапты қызметкердің Комитеттің аумақтық органы бастығының атына жазылған баянатының (түсіндірмесінің) графикалық көшірмесі қоса беріледі.

Мәліметтері түзетуге жататын адамдардың тізімі қатаң түрде олардың сауалнамалық деректерінің әліпбилік тәртібінде рәсімделеді.

3-бөлімшенің сұрау салуларды орындау мерзімі жиырма жұмыс күнінен аспауға тиіс. Осы тармақтың талаптарын бұза отырып рәсімделген сұрау салулар орындалмайды, ол туралы аумақтық орган хабардар етіледі.

Мәліметтерді түзету туралы сұрау салуды 3-бөлімшеге жібергеннен кейін Комитеттің аумақтық органының қызметкері өз бетінше оның АЕА ААЖ-да орындалуын тексереді.

Комитетке жіберілуге жатпайтын растайтын құжаттардың (қағаз тасымалдағышта) көшірмелері, оларды ұсыну және түзету бойынша хат алмасулар бөлек номенклатуралық іске тігіледі (қалыптастырылады).

68. СДТБТ-дан АЕА ААЖ-да автоматты түрде қалыптасқан электрондық әліпбилік есепке алу карточкаларында нақты емес ақпарат анықталған жағдайда мәліметтер бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-да автоматты түрде жаңартыла СДТБТ-да түзетіледі.

69. Адамдар ақталған, сондай-ақ қылмыстық істер ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 7), 8) және 13) тармақтарында (1997 жылғы редакцияда), ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында (2014 жылғы редакцияда) көзделген негіздер бойынша немесе маңызы аз болуына байланысты тоқтатылған жағдайда, 3-бөлімшеге көрсетілген адамдарға қатысты Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алуды жүргізуге жауапты қызметкері куәландырған ("графикалық көшірме салынды" тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, органы) құжаттардың графикалық көшірмелері (процестік шешімдер, ақтау туралы анықтамалар және басқа) қоса беріле отырып, АЕА ААЖ-да мәліметтерді тегі бойынша есепке алудан шешу туралы сұрау салу жіберіледі.

Осыған ұқсас, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 қарашадағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 25 қарашаның аралығындағы кезеңде ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 10) тармақшасына сәйкес жасына жетпегендігіне байланысты тоқтатылған (қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған) қылмыстық істер бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты мәліметтер есепке алудан шешіледі.

Сондай-ақ, ҚР ҚПК-нің 33-бабының бірінші бөлігімен (1997 жылғы редакцияда) көзделген жекеше тәртіпте қылмыстық қудалау жүзеге асырылған ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 6-тармағына сәйкес жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдарға қатысты мәліметтер есепке алудан шешіледі.

70. Сауалнамалық деректердің түпнұсқасы орнатылған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде СДТБТ-да мәліметтер жойылуға болмаса түзету енгізілуге жатады, АЕА ААЖ-да әліпбилік есепке алу карточкасы автоматты түрде есепке алудан шешіледі болмаса түзету енгізіледі.

71. Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алу бөлімшесінің қызметкері АЕА ААЖ-да қате енгізілген мәліметтер анықтаған жағдайда бір жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің аумақтық органының қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімшесіне жетекшілік ететін бөлім бастығының баянатымен АЕА ААЖ-ның мәліметтерінің автоматты түрде жаңалануы үшін СДТБТ-ға тиісті түзетулер енгізу қажеттілігі туралы мәлімдейді.

Комитеттің аумақтық органының қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыруға жауапты қызметкері ескертуді алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей СДТБТ-ның тиісті карточкасына түзету енгізеді.

Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алуды жүргізуге жауапты қызметкері АЕА ААЖ-ның мәліметтерінің нақтылығын тексереді және растайтын құжаттардың бекітілген графикалық көшірмелерін АЕА ААЖ-ға қоса тіркейді.

72. Егер Комитеттің аумақтық органының қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімшесі қате енгізілген мәліметтерге түзетулер немесе СДТБТ-ға және /немесе ББСЖ-ға қате енгізілген карточканы енгізген жағдайда, түзетулер енгізілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алу бөлімшесін жазбаша ақпараттандырады.

Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алу бөлімшесінің қызметкері СДТБТ-ның және/немесе ББСЖ-ның деректерін түзету туралы ақпаратты алғаннан кейін олардың АЕА ААЖ-да автоматты түрде жанаруын тексереді.

12-параграф. Арнайы есепке алу мәліметтерінің толықтығын, уақытылы ұсынылуын және сақталуын қамтамасыз ету шаралары

73. Комитеттің аумақтық органы құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ұсынатын, арнайы есепке алуды жүргізумен байланысты емес олардың қызметіне араласусыз, құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігін, шынайылығын және жеткіліктілігін қадағалауды жүзеге асырады.

74. АЕА ААЖ-да автоматты түрде мәліметтерді толық және уақытылы енгізу мақсатында Комитеттің аумақтық органының өкілдері СДТБТ-ның мәліметтерін АЕА ААЖ-мен мынадай тәртіпте мониторинг жүргізеді:

1) күн сайын СДТБТ-дан прокуратура органдарымен, тергеу (анықтау) органдарымен немесе соттармен қабылданған процестік шешімдерін көрсете отырып, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы, оның ішінде өткен тәуліктерде енгізілген қылмыстық істерді тоқтату туралы қаулы шығарылған адамдардың тізімдері қалыптастырылады;

2) онкүндік сайын 5, 15 және 25 күндері "Төрелік" ААТЖ-дан және СДТБТ-дан процестік шешімдері қабылданған және қылмыстық теріс қылықтар бойынша, бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі онша ауыр емес қылмыстар бойынша (ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды қоспағанда) үкімдері (қаулылары) заңды күшіне енген адамдардың тізімдері қалыптастырылады.

Тізімдер АЕА ААЖ-мен тегі бойынша есепке алуда толық мәліметтердің болуына салыстырылады. Қарама-қайшылықтар анықталған жағдайда Комитеттің аумақтық органының өкілдері бір жұмыс күні ішінде анықталған алшақтықтарды жою және мәліметтердің АЕА ААЖ-да автоматты түрде жаңаруы үшін СДТБТ-да мәліметтерді түзету бойынша шара қабылдайды.

75. Комитеттің аумақтық органында АЕА ААЖ-ға мәліметтерді енгізудің толықтығы және уақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар бойынша бақылау мониторингтерін жүргізу үшін қылмыс саласындағы құқықтық ақпаратты қалыптастыруға жауапты қызметкер тегі бойынша есепке алу жүргізуге жауапты қызметкерге мынадай есепті кезеңдегі тізімдерді (электрондық форматта) жібереді:

1) СДТБТ-ға енгізілген мәліметтерді:

он күн сайын күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған адамдар бойынша;

ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне:

ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды қоспағанда (прокурор бекіткен қаулылар бойынша), ҚР ҚПК-нің 35 немесе 36-баптарымен көзделген негіздер бойынша қылмыстық істер (қудалау) тоқтатылған адамдарға қатысты;

күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған және кейін қылмыстық істі (қудалау) ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған (прокурордың қорытындысы бар қаулылар бойынша) адамдарға қатысты;

бұдан бұрын қылмыстық қудалау органдары қабылдаған процестік шешімдер күшін жойған адамдарға қатысты.

2) сот органдарының ақпараттық жүйесінің мәліметтері тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне:

соттар соттағандарға қатысты;

ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды қоспағанда (заңды күшіне енген сот актілері бойынша), ҚР ҚПК-нің 35-бабы және 36-бабымен көзделген негіздер бойынша, оның ішінде жеке айыптау істері бойынша сот қылмыстық істерді (қудалау) тоқтатқан адамдарға қатысты қылмыстық істері тоқтатылған;

соттар апелляциялық, кассациялық сатыларда шешімдер шығарған адамдарға қатысты;

жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық істерін (қудалауын) ҚР ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген ақтайтын негіздер бойынша (заңды күшіне енген сот актілері бойынша) соттар тоқтатқан адамдарға қатысты.

Мониторингтердің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар (ауытқулар) анықтамамен еркін түрде рәсімделеді және Комитеттің аумақтық органының бастығына енгізіледі.

Қарама-қайшылықтар анықталған кезде Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алуды жүргізуге жауапты қызметкері дереу оларды нақтылау және жою бойынша шаралар қабылдайды және шынайы мәліметтер алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ-да мәліметтердің толықтығын және шынайылығын қамтамасыз етеді.

СДТБТ-мен біріктірілген мәліметтердің қарама-қайшылықтары анықталған жағдайда, растайтын құжаттармен бірге нақтыланған мәліметтер қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыруға жауапты қызметкерге беріледі, ол бір жұмыс күні ішінде СДТБТ-ға түзету жасайды.

Сот шешімі бойынша ақталған, сондай-ақ қылмыстық істері ақтайтын негіздер бойынша немесе маңызының аз болуына байланысты тоқтатылған адамдардың тізімі 3-бөлімшеге есепке алудан шешу үшін жіберілуге жатады.

АЕА ААЖ-да СДТБТ-мен деректерді біріктіру кезінде пайда болған логикалық сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алуды жүргізуге жауапты қызметкері қатені көрсете отырып, тиісті ақпаратты 3-бөлімшеге жібереді.

3-бөлімшенің қызметкерлерімен ақпаратты қарау 20 жұмыс күнінен аспауға тиіс. Ақпаратты жібергеннен кейін Комитеттің аумақтық органының қызметкері өз бетінше АЕА ААЖ-да оның орындалуын тексереді. Түзетулер жүргізілмеген жағдайда Комитеттің аумақтық органының қызметкері логикалық сәйкессіздіктерді түзету мәртебесін 3-бөлімшенің жауапты прокурорынан нақтылайды.

76. АЕҚ анықтамалық жұмыстар жүргізуге ыңғайлы арнайы шкафтарда сақталуы тиіс. Шкафтар оқшауланған және заманауи өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған, күзет және өрт дабылдары бар жеке үйжайларда (картотекаларда) орналастырылады. Картотека үйжайы көрші кабинеттерден жанбайтын қабырғалармен бөлінуі тиіс.

Картотека үйжайына кіру кодты құлыптары бар металл есікпен жабдықталады. Картотека үйжайының терезелерінде ашылатын металл торлар орнатылуы қажет (ішінен құлыппен жабылатын).

Газ, су және кәріз құбыр жолдары өтетін үйжайларға картотека орналастыруға рұқсат берілмейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 576 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес АЕҚ-ны жарықпен, температуралық-ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық режимдермен қамтылған тиісті жағдайларда сақтау қажет.

77. Картотекасы бар орынжайға бөгде адамдардың, оның ішінде қызметтік міндеттеріне картотекалармен жұмыс істеу кірмейтін қызметкерлердің кіруіне жол берілмейді. Комитеттің аумақтық органының бастығы олардың арнайы есепке алуды жүргізу бойынша атқаратын жұмысын ескере отырып, картотека орынжайына кіруге рұқсат берілген қызметкерлерің тізімін бекітеді.

78. Картотека қорларының сақталуын қамтамасыз ету және онда қамтылған ақпаратты қорғау мақсатында:

1) белгіленген сақтау мерзімі өткенге дейін әліпбилік есепке алу карточкаларын және дактилоскопиялық карталарды алуға;

2) картотека қорларының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарға АЕҚ-ны уақытша пайдалануға беруге рұқсат етілмейді.

3-тарау. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алулардың мәліметтерін пайдалану тәртібі

79. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алулардың мәліметтері мынадай:

1) адамдарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарға, мекемелерге мен өзге де ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

2) дактилоскопиялық есепке алу бойынша сұрау салуларды орындау;

3) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылықтар жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтерді жариялау арқылы пайдаланылады.

1-параграф. Адамдарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарға, мекемелерге және басқа ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

80-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Бас Прокурорының 24.05.2023 № 110 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Адамдарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың, мекемелер мен өзге де ұйымдардың сұрау салулары бойынша, тексеру негіздеріне қарамастан, Комитетте және оның аумақтық органдарында тексеру күнінде мынадай:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарға, оның ішінде сотталғандықты өтеу, алып тастау мерзімдеріне, жазаны тарту, соттау және өтеу күніне қарамастан шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты;

2) қылмыстық жауаптылықтан босататын келесі жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар не оларға қатысты қылмыстық істер тоқтатылған адамдар:

ақтайтын негіздер бойынша;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 25 қарашаға дейінгі аралығындағы кезеңде ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 10) тармағы бойынша;

ҚР ҚПК-нің 33-бабының бірінші бөлігімен (1997 жылғы редакцияда) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша - жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқанда ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 6) тармағы бойынша;

3) келесі негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартуды қоспағанда, ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 6), 9), 10), 11) және 12) тармақтары (1997 жылғы редакцияда) негізінде қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған адамдар:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 25 қарашаға

дейінгі аралығындағы кезеңде ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 10) тармағы бойынша;

ҚР ҚПК-нің 33-бабының бірінші бөлігімен (1997 жылғы редакцияда) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша - жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқанда ҚР ҚПК-нің 37-бабы бірінші бөлігінің 6) тармағы бойынша;

4) іздестіруде жүрген адамдар (күдіктілер, айыпталушылар, борышкерлер/ жауапкерлер, хабарсыз жоғалғандар);

5) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

6) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың есепке алуында тұрған адамдар;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдардың есепке алуында тұрған адамдар;

8) мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен шығарылған адамдар;

9) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасаған адамдар туралы қолда бар барлық мәліметтер ұсынылады.

81. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сұрау салулары бойынша осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген адамдар туралы тексеру күнінде Комитетте бар барлық мәліметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке арудан шешілген мәліметтер де ұсынылады.

82. Жеке тұлғаларға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар, мекемелер мен басқа ұйымдар қайтарымсыз негізде осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген адамдар туралы мәліметтерді талап етеді, электрондық нысанда ҚАО ААЖ және (болмаса) Комитеттің ақпараттық сервисі арқылы осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес "Жеке тұлғаға электрондық нысанда мәлімет алу үшін пайдаланушының нұсқаулығын" пайдалана отырып сұратады.

Бірыңғай транспорттық орта болмаған жағдайда мәліметтер қағаз тасымалдағышта осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Талаптар" бланкілерінде сұратылады.

Қазақстан Республикасының Соттары қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы ітерді қарау шеңберінде есепке алу мәліметтерін судьяның ЭЦҚ-ы қойылған электрондық сұрау салу нысанында болмаса судьяның қолымен қағаз тасымалдағышта Комитеттің аумақтық органдарынан сұратады.

Комитеттің аумақтық органдары соттардың сұрау салулары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген адамдар туралы тексеру күндегі барлық мәліметтерді ұсына отырып орындалады.

83. Комитеттің орталық аппаратына есепке алу бойынша тексеру туралы жолданым Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының орталық аппараттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына рұқсат етіледі.

Комитеттің аумақтық органдарына есепке алу бойынша тексеру туралы жолданым жергілікті жері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ судьялар жүгіне алады.

84. Құқық қорғау/мемлекеттік қызметтеріне түсуге үміткер адамдарға, сондай-ақ олардың туыстарына қатысты арнайы тексеру жүргізу аясында талаптарды жіберу ұлттық қауіпсіздік органдарымен жүзеге асырылады.

МАБ-тың есепке алуынан мәліметтерді алу үшін сұрау салулар РФ ИМ БАТО-ның мекенжайына орталық мемлекеттік органдар арқылы жіберіледі.

85. Талаптар тексерілетін адамдардың тізімі қоса беріле отырып, электрондық құжат нысанында болмаса бірыңғай транспорттық орта болмаған жағдайда қағаз тасымалдағышта орган басшысының немесе оның орнын алмастырушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен жіберіледі.

Электрондық құжат нысанындағы талаптар "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімделеді.

Электрондық талапта барлық деректемелер толтырылуға жатады, тексерілетін адамның сауалнамалық деректерінің біреуі болмаған жағдайда тиісті деректеме толтырылмайды. Талап тексерілетін адамның әрқайсысына бөлек құрастырылады. Туған жылы, күні, айы және туылған жері толық көрсетілуге жатады. Егер туған күні, айы белгісіз болса, онда тиісті бағанға "00" жазбасы жазылады.

Тексерілетін адамның ЖСН-і болған жағдайда мәліметтер "Жеке тұлға" Мемлекеттік деректер банкі арқылы толтырылады.

86. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар, мекемелер мен басқа ұйымдар талаптарды жіберген кезде ілеспе хатта азаматтарға тексеруді жүзеге асыруға құқық беретін нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасайды.

Осы ереже жедел-іздістіру қызметін, тергеуді (анықтауды), жазаның орындалуын, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының соттарына, көші-қон полициясының бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсатнама жүйесіне және қорғаныс істері органдарына қолданылмайды.

87. Қағаз тасымалдағыштағы талапта барлық деректемелер толтырылуға жатады, тексеруші адамға қатысты сауалнамалық деректемелердің бірі болмаған жағдайда, тиісті деректемеде "жоқ" жазбасы жазылады. Талап әрбір тексерілетін адамға бөлек құрастырылады. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) анық, баспа, біріншісі бас әріппен жазылады. Туған күні мен туған жері толық көрсетілеуі тиіс. Егер туған күні немесе айы белгісіз болса, тиісті бағанға "00" жазбасы жазылады.

Тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), туған күнін өзгерткен адамға талапты толтырған кезде бұрынғы және өзгертілген сауалнамалық деректері көрсетіледі.

88. Комитетке және оның аумақтық органдарына осы Қағидалардың 83-87-тармақтары бұзылып рәсімделген талаптарды ұсыну, одан бас тартуға және сұрау салған бастамашыға орындаусыз қайтаруға негіз болып табылады.

Факс байланысы арналары арқылы келіп түскен сұрау салулар, сондай-ақ халықаралық келісім шарттармен белгіленген тәртіпті бұзған шетел мемлекеттерінің сұрау салулары орындалмайды.

Азаматтардың, сондай-ақ тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті емес мекемелер мен ұйымдардың талаптар бланкілерінде рәсімделген сұрау салулары тексерілмейді және орындаудан бас тарту себептері мен есепке алуға жүгіну тәртібі түсіндіріле отырып, бастамашыға орындаусыз кері қайтарылады.

89. Қағаз тасымалдағыштағы талаптар бес жұмыс күні ішінде орындалады. Электрондық талаптар үш жұмыс күні ішінде, ал қосымша тексеру жүргізу қажет еткен жағдайда, бес жұмыс күні ішінде орындалады.

Жергілікті әскери басқару органдарының талаптар мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған кезде үш жұмыс күні ішінде орындалады.

Талаптардың Комитетке және оның аумақтық органдарына келіп түскен күні оны орындаудың мерзіміне кірмейді.

Егер электрондық талаптарды өңдеу барысында тиісті мемлекеттік органдарға немесе мекемелерге қосымша сұрау салулар жібере отырып, қабылданған процестік шешім туралы мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда, сұрау салудың бастамашысына аралық жауап жіберіледі, онда он жұмыс күні өткеннен кейін электрондық талапты қайта рәсімдеу қажеттігі туралы хабарланады.

90. Тексеру нәтижелері осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мөр қоя отырып талаптарда көрсетіледі. ЭЦҚ қойылған, ақпараттық жүйелер арқылы жіберілген электрондық талаптар бұларға қосылмайды.

91. Тексерілетін адам есепке алуда тұрған адам болып табылатынына және сауалнамалық деректердің бұрмалануы қатенің немесе терудің салдарынан орын алды деп пайымдауға негіз беретін есепке алуда тексерілетін адаммен ұқсас сауалнамалық деректері бар адам анықталған кезде (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күнінде сәйкессіздіктер болған кезде) мәліметтер "... мәліметтер бар" белгімен беріледі.

Тексерілушінің есепке алуда тұрған адамның іс-әрекетіне қатыстылығын сұрау салған бастамашысы анықтайды.

Сауалнамалық деректердің нақтылығын анықтау үшін ҚАО ААЖ ақпараттық жүйесінің деректерін пайдалану керек.

92. Егер талаптарды тексеру барысында сауалнамалық деректерде сәйкессіздіктер немесе тексерілетін адамға қатысты растаушы құжаттардың негізінде (жеке басты куәландыратын құжаттар, қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың және басқа процестік құжаттары және басқа) СДТБТ немесе ББСЖ-ның мәліметтерінде процестік шешімдердің сәйкес келмеуі анықталса, СДТБТ немесе ББСЖ-ның

мәліметтерін енгізу /түзету сұрау салған бастамашыға жауап бере отырып, АЕҚ-ны АЕА ААЖ және АДАЖ-ға енгізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

93. АЕА ААЖ-да өткен жылдардың қылмыстық істері бойынша процестік шешімдер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, сондай-ақ АДАЖ-да ұсталғаны немесе күзетпен ұсталғаны (қамаққа алу) туралы мәліметтер бола тұра, АЕА ААЖ-да осы адамға қатысты қандай да бір мәліметтердің болмауымен бірқатар, Комитеттің аумақтық органының қызметкері тегі бойынша картотекадан тиісті әліпбилік есепке алу карточкасының болуын тексереді және оның:

бар болғаны жағдайда, АЕА ААЖ-ға карточканың графикалық көшірмесін қоса сала отырып, мәліметтерді енгізеді. Егер әліпбилік есепке алу карточкасы МАБ-қа жіберілуге жататын болса, онда оның екінші нұсқасын құрастырады және Комитетке бөлек ілеспе хатпен есепке алу себебі көрсете отырып жібереді;

болмаған жағдайда, тексерілетін адамды ұстауды немесе күзетпен ұстауды (қамаққа алу) жүзеге асырған орган, аумақтылығы бойынша Комитеттің тексеру жүргізетін аумақтық органына жататын болса, дактилоскопиялық картотекада процестік шешім туралы мәліметтердің болуын тексереді, сондай-ақ тиісті қылмыстық қудалау органдарына, тергеу изоляторына, гауптвахтаға, сот пен архивтерге осы іс бойынша ақпарат алу үшін сұрау салуды жібереді.

Мәліметтер болған жағдайда, алынған жауаптардың негізінде, әліпбилік есепке алу карточкасының екінші нұсқасын жазады және растаушы құжаттардың графикалық көшірмелерін сала отырып, АЕА ААЖ-ға деректерді енгізеді.

АЕА ААЖ және АДАЖ-дың мәліметтерін Комитеттің өзге аумақтық органында немесе РФ ИМ БАТО-да нақтылау үшін тиісті тексеру іс-шараларын жүргізу үшін 3-бөлімшеге сұрау салуды жібереді.

Тексерілетін адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (соттау) нәтижелері туралы деректер анықталмаған жағдайда, Комитеттің аумақтық органының қызметкері 3-бөлімшеге АДАЖ-ға тиісті белгілеуді енгізу үшін немесе әліпбилік есепке алу карточкасына құзыретті органдардың адамды одан әрі қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе соттау туралы мәліметтердің жоқ екенін растайтын құжаттарының (жауаптарының) графикалық көшірмелерін сала отырып, АЕА ААЖ-дан мәліметтерді жою үшін сұрау салуды жібереді.

Аумақтық органның келіп түскен сұрау салуының негізінде 3-бөлімшенің қызметкері АДАЖ-ға тиісті белгілеуді енгізеді болмаса әліпбилік есепке алу карточкасының деректемесіне "мәлімет берілмесін, процестік шешімі табылмады" енгізгеннен кейін АЕА ААЖ-дан мәліметтерді жояды және жоғарыда көрсетілген барлық іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін ғана мәліметтерді көрсетпестен, ақпарат берілуі тиіс. Сұрау салуды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнінен аспауға тиіс.

94. Комитет және оның аумақтық органдары ұсынған мәліметтерді сұрау салу бастамашылары қолданыстағы заңнамаға, оның ішінде Қазақстан Республикасы

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 61-бабына және ҚР ҚК-нің 79, 89-баптарына сәйкес қолдануы тиіс.

95. Қорғаушылар, адамдарға заң көмегін көрсеткен кезде, арнайы есепке алаудың мәліметтерін тек оның нақты іске қатысын растайтын (адвокаттың куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (өкілдік ету), тергеу органының (анықтау) немесе соттың жазбаша растауы) және мүддесін қорғайтын адамның жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, Комитеттің аумақтық органына жазбаша түрде жүгіну арқылы көмекке жүгінген адамның мәліметтерін талап етеді.

Қорғаушының сұрау салуына қоса берілген құжаттардың барлық көшірмелерінде тек құқығы және мүддесі қорғалатын/ұсынылатын адамның сауалнамалық деректері ғана көрсетілуі қажет.

Қорғаушылардың сұрау салуларын Комитеттің аумақтық органы осы Қағидалардың 79-тармағында көрсетілген барлық мәліметтерді ұсына отырып, бес жұмыс күні ішінде орындайды.

Сұрау салудың келіп түскен күні оның орындалу мерзіміне кірмейді

Қорғаушылардың жолданымдары растайтын құжаттардың көшірмелерімен бөлек номенклатуралық іске тігіледі (қалыптастырылады).

96. Жеке сот орындаушылары жауапкердің орналасқан жері, бас бостандығынан айыру орны болмаса оның іздестіруде болуы туралы Комитеттің арнайы есепке алуынан ақпарат алу үшін, жеке мөрімен бекітілген, оған нақты атқарушы құжат бойынша жеке сот орындаушының өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесін (қаулы, орындау актісі және басқа) сала отырып, жазбаша түрде сұрау салумен Комитеттің аумақтық органына жүгінеді.

Жеке сот орындаушыларымен алынған Комитеттің мәліметтері Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен орнатылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жариялау талаптарын сақтай отырып пайдалануға жатады.

Комитеттің аумақтық органы жеке сот орындаушыларының сұрау салуларын келіп түскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 79-тармағында көрсетілген барлық мәліметтерді ұсына отырып, орындайды.

Сұрау салудың келіп түскен күні оның орындалу мерзіміне кірмейді.

2-параграф. Дактилоскопиялық есепке алу бойынша сұрау салуларды тексеру тәртібі

97. Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау үшін немесе ұсталған адамның жеке басын анықтау қажет болған жағдайда, жедел-ізвестіру қызметін, тергеуді (қудалауды) жүзеге асыратын органдар дактилоскопиялық картаның бір данасын және дактилоскопиялық есепке алу бойынша тексеру үшін талабына сәйкес нысан бойынша дактилоскопиялық есепке алу бойынша тексеруге жататын адамға талапты Комитеттің аумақтық органына жібереді.

98. Талаптар Комитетке және оның аумақтық органдарына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орындалады.

99. Талаптарда тексеру күніндегі Комитетте және оның аумақтық органдарында бар барлық мәліметтер ұсынылады.

100. Басқа сауалнамалық деректерімен тексерілетін адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе соттау туралы дактилоскопиялық есепке алу мәліметтері анықталған жағдайда, Комитеттің аумақтық органы тексеру бастамашысына осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны, соттылығы туралы, қаңғыбастығы үшін ұсталғаны туралы анықтаманы", ал танылмаған мәйіттің жеке басы анықталған жағдайда, осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау хаттамасын" ұсынады.

3-параграф. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған есепке алудағы адамдар туралы мәліметтерді жариялау және оны жариялаудан алудың тәртібі

101. Комитет мынадай:

1) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылықтар жасағандары үшін жазаларын өтегеннен кейін бостандықта жүрген, сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза қолданылған, мынадай:

1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралығы кезеңіндегі Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 101, 102, 103 және 104-баптары бойынша ;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 23 қарашадағы Заңы қолданысқа енгізілгеніне дейін 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2010 жылдың 7 желтоқсанына дейінгі аралығы кезеңіндегі ҚР ҚК-нің 120-бабы 2-бөлігінің "д" тармағы және 3-бөлігінің "в" тармағы, 121-бабы 2-бөлігінің "д" тармағы және 3-бөлігінің "в" тармағы, 122, 124-баптары бойынша;

2010 жылдың 8 желтоқсанынан бастап 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралығы кезеңінде ҚР ҚК-нің 120-бабы 3-бөлігінің "в, д" тармақтары, 4-бөлігі, 121-бабы 3-бөлігінің "в, г" тармақтары, 4-бөлігі, 122, 124-баптары бойынша;

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыстағы редакциядағы ҚР ҚК-нің 3-бабының 42-тармағы бойынша сотталған адамдар;

2) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы заңда тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес күйде жасаған, қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің

37-бабы 1-бөлігінің 9-тармағы (1997 жылғы редакцияда), ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 9-тармағы (2014 жылғы редакцияда) негізінде тоқтатылған адамдар туралы мәліметтерді жариялайды.

102. Кәмелетке толған жаста (18 жастан бастап) жас балаларға қатысты (14 жасқа дейін) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтер жариялауға жатады.

Көрсетілген мәліметтерді жариялау кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алуға қоюдың негізділігі туралы қорытындының (бұдан әрі – есепке алуға қою туралы қорытынды) және осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтердің" негізінде жүзеге асырылады.

103. Комитеттің аумақтық органының қызметкері:

1) осы Қағидалардың 101-тармағында атап көрсетілген есепке алуға қойылатын адамдар туралы ҚР ПМ ҚАЖ-дың аумақтық органынан электрондық хабарлама келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде:

есепке алуға қойылатын адамдардың нақты тұрғылықты орнын анықтау үшін ішкі істер органдарына сұрау салу жібереді;

ішкі істер органдары ақпаратының негізінде есепке алуға қою туралы қорытынды құрастырады және Комитеттің аумақтық органының басшысы қол қояды;

АЕА ААЖ-ның мәліметтерінің шынайылығын тексереді және АЕА ААЖ-да есепке алуға қою туралы қорытындының куәландырылған графикалық көшірмесін салады;

осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылықтар жасағандары үшін жариялауға жататын адамдар туралы мәліметтерді Комитетке жібереді;

2) мынадай:

ҚР ПМ ҚАЖ-дың аумақтық органдарымен бірге ай сайын келесі айдың үшінші күніне пробациялық есепке алуда тұрған, Қағидалардың 101-тармағында көрсетілген баптар бойынша сотталған адамдар туралы мәліметтерге салыстырып тексеру жүргізеді. Салыстырып тексеру актісі осы Қағидалардың 10-қосымшасына (адамдар тізімі) сәйкес нысан бойынша рәсімделеді;

медициналық психиатриялық мекемелермен бірге тоқсан сайын есеп кезеңінен кейінгі айдың он бесінші күніне осы Қағидалардың 101-тармағының 2) тармақшасында және 108-тармағының 4) тармақшасында аталған, АЕА ААЖ және СДТБТ-да камтылатын мәліметтерге салыстырып тексеру жүргізеді.

"Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу,

пайдалану және сақтау қағидаларының 103-тармағында аталған мәліметтер бойынша салыстырып тексеру актісі" осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Қарама-қайшылықтар анықталған кезде, дереу АЕА ААЖ-ның мәліметтері сәйкес келтіріледі;

3) мынадай:

осы Қағидалардың 101-тармағында көрсетілген баптар бойынша сот актілері заңды күшіне енген және бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жаза қолданылған адамдар бойынша ай сайын келесі есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінде сот органдарының ақпараттық жүйесімен АЕА ААЖ, СДТБТ-ның мәліметтеріне;

осы Қағидалардың 101-тармағында көрсетілген баптар бойынша сотталған адамдарды бостандығынан айыру орындарынан босату туралы тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне ҚР ІІМ ҚАЖ ОАДҚ және АЕА ААЖ-ның электрондық хабарлама мәліметтеріне мониторинг жүргізеді.

Қарама-қайшылықтар анықталған кезде, дереу АЕА ААЖ-ның мәліметтері сәйкес келтіріледі;

4) арнайы есепке алудың субъектілерінен ақпарат келіп түскен сәттен бес жұмыс күні ішінде Комитеттің басқа аумақтық органына есепке алуда тұрған адамның тұрғылықты жерінің аймағы ауысқаны не бостандығынан айыру орындарынан басқа облысқа ауысқаны туралы хабарлама жібереді.

104. Жарияланатын мәліметтердің толықтығын, уақтылығын және шынайылығын Комитеттің аумақтық органының жауапты қызметкері қамтамасыз етеді.

105. Комитет:

1) жариялануға жататын адамдар туралы мәліметтер келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде 3-бөлімшенің қызметкері олардың толықтығын және негізділігін тексереді, Комитет Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарымен келіседі және Комитеттің ақпараттандыру және цифрлық даму үшін жауапты бөлімшесіне (бұдан әрі – 2-бөлімше) жариялау үшін жібереді;

2) 2-бөлімше 3-бөлімшеден ақпарат келіп түскен күнінен бір жұмыс күні ішінде жариялауды жүзеге асырады.

Жариялау көрсетілген мәліметтерді "Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың картасы" (бұдан әрі – адамдар картасы) интернет-порталында көрсету арқылы жүзеге асырылады.

106. Адамдар туралы жарияланатын мәліметтер сауалнамалық деректерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, фотосурет, тұрғылықты жері туралы ақпарат (жеке секторда үйдің, пәтердің нөмірін көрсетусіз) құрайды.

107. 2-бөлімшенің қызметкері жариялау үшін есепке алуда тұрған адамдардың фотосуреттерін ҚАО АОЖ-дан сұратады.

108. Есепке алуда тұрған адамды жариялаудан алу үшін, мыналар:

1) адамның қайтыс болуы;

2) адамның 95 жасқа толуы;

3) ҚР ҚК-нің нормаларына сәйкес соттылықтың жойылуы;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мамандандырылған медициналық мекемелері және ұйымдарымен берілген сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысына, медициналық қорытындыға не осы Қағидалардың 101-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар туралы мәліметтерге сәйкес, соттың күшіне енген шешіміне сәйкес есепке алуда тұрған адамды есі дұрыс деп тануы негіз болып табылады.

109. Адамдар картасында жарияланған мәліметтерді есепке алудан шешу, оған түзету енгізуді 2-бөлімшенің жауапты қызметкері 3-бөлімшенің жазбаша сұрау салуының негізінде, оның келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және
ұстап алынған, күзетпен
ұсталатын және сотталған
адамдарды дактилоскопиялық
есепке алуды жүргізу, пайдалану
және сақтау қағидаларына
I-қосымша

НЫСАН

Әліпбилік есепке алу карточкасы

1. Тегі _____	Орган _____
2. Аты _____	(кім ұстады, күзетпен қамауға алды
3. Әкесінің аты (ол болған кезде) _____	_____
4. Туған жылы "___" _____ 19__ жылы	қыскартусыз)
5. Туған жері _____	
6. Жеке басты куәландыратын құжат: төлқұжат (1), жеке куәлік (2), тұруға ықтиярхат (3), азаматтығы жоқ адамның куәлігі (4), жүргізушінің куәлігі (5), әскери билет (6), туу туралы куәлік (7), басқасы (8) № _____ "___" _____ 20__ жылы	

" ___ " _____ жылы берілді _____ (кім берді) 7. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____ 8. Тұрғылықты жері _____ 9. Жұмыс орны, лауазымы, мамандығы _____ _____ 10. Ұлты _____ 11. Азаматтығы _____ 12. " ___ " _____ 20__ жылы күзетпен қамауға алынды 13. " ___ " _____ 20__ жылы ұстап алынды 14. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған күн " ___ " _____ 20__ жылы 15. Қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты _____ _____ 16. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптары _____ _____ 17. Карточка құрылды _____ _____ (органның атауын көрсету) " ___ " _____ 20__ жылы _____ (карточканы құрастырған қызметкердің тегі) _____	Істердің №№ Қызметтік _____ Архивтік _____ _____ Дактилоскопиялық формула _____ _____ Оң қолдағы сұқ саусақ ізінің таңбасы
---	---

(сыртқы беті)

_____ сотталды
(соттың атауы)
Қашан " ___ " _____ 20__ жылы ҚР ҚК-нің _____ бабы бойынша

_____ ЖЫЛ

_____ мерзіміне
(қосымша шараларды толық көрсету)

Үкім "___" _____ 20___ жылы заңды күшіне енді

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
2-қосымша

НЫСАН

Дактилоскопиялық карта

(жынысы) _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Туған жылы "___" _____ 19___ жылы

Туған жері _____

Жеке басты куәландыратын құжат: төлқұжат (1),
жеке куәлік (2),

тұруға ықтиярхат (3), азаматтығы жоқ адамның
куәлігі (4),

жүргізушінің куәлігі (5),

әскери билет (6), туу туралы куәлік (7), басқасы (8)

№ _____ "___" _____ 20___

жылы

"___" _____ жылы берілді

(кім берді)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

Азаматтығы _____ Ұлты _____

Тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәлімет

(болу орны бойынша)

Дактилоскопиялық формула

Қосымша саралау _____

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІҢ

№ _____

ОҢ ҚОЛ

1. бас	2. сұқ	3. ортаңғы	4. аты жоқ саусақ	5. шынашақ
	16		8	
16		8		4

Сол қол

Бүктеу сызығы

6. бас	7. сұқ	8. ортаңғы	9. аты жоқ саусақ	10. шынашақ
4		2		1
	2		1	

Бақылау таңбалары

Сол қол	Оң қол
---------	--------

Дактилоскопияланатын адамның қолы

Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізудің негізі _____

Карта "___" _____ 20___ жылы толтырылды

(қай жерде және қай органда екендігін көрсету)

(сыртқы беті)

ҰСТАУ, КҮЗЕТПЕН ҰСТАУ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Ұсталды (тергеу изоляторына, гауптвахтаға, түзету мекемесіне және басқаларға орнатылды)

(қашан, қай орган, қандай құқық бұзушылық жасағаны үшін –

ҚР ҚК-нің кодексінің бабы, бөлігі, тармағы)

БЕЛГІЛЕРІ:

Дене кемістіктері, ерекше белгілері:

(кемістігі, жарақаты, сүйелдері, қалы, қара дақтары, тыртықтары, денесінің ауырсынатын жері, таздығы (нысаны),

кекештігі, бет пішіні, көздің түрлі түстілігі, тұтығуы, денедегі суреттері, басқалары)

сол жақ алақан	оң жақ алақан
----------------	---------------

Картаны _____

құрастырды

(лауазымы мен тегі)

Картаны құрастыру дұрыстығын тексерді, формуланы есептеді

(лауазымы, қолы, күні)

Саусақтарды түсіру тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық алынуы тиіс.

Іздердің бояуы таза біркелкі боялған, папилляр сызықтарының және өрнектердің айқын

және нақ, жай көзге жақсы көрінетін болуы тиіс.

Саусақтар, қолдың басы болмаса, ол туралы қашаннан бері жоқ екендігі көрсетіліп,

картаның тиісті шаршысына жазу жүргізіледі (жылы, айы).

(205x290 өлшемі)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
3-қосымша

НЫСАН

Әкімшілік қамаққа алынған адамға дактилоскопиялық карта

_____ (жынысы) Тегі _____

_____ Аты _____

_____ Әкесінің

аты (ол болған кезде) _____

Туған жылы "___" _____ 19___ жылы Туған жері _____

Жеке басты куәландыратын құжат: төлқұжат (1),
жеке куәлік (2), тұруға ықтиярхат (3), азаматтығы
жоқ адамның куәлігі (4), жүргізушінің куәлігі (5),
әскери билет (6), туу туралы куәлік (7), басқасы (8)
№ _____ "___" _____ 20___
жылы "___" _____ жылы берілді _____

Дактилоскопиялық формула _____
Қосымша саралау _____

_____ (кім берді)

ЖСН _____

Азаматтығы _____ Ұлты _____

Тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәлімет _____

(болу орны бойынша)

Оң қол

1. бас	2. сұқ	3. ортаңғы	4. аты жоқ саусақ	5. шынашақ
	16		8	
16		8		4

Сол қол
Бүктеу сызығы

6. бас	7. сұқ	8. ортаңғы	9. аты жоқ саусақ	10. шынашақ
4		2		1
	2		1	

Бақылау таңбалары

Сол қол	Оң қол
---------	--------

Дактилоскопияланатын адамның қолы _____

Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізудің негізі _____

Карта "___" _____ 20___ жылы толтырылды

(қай жерде және қай органда екендігін көрсету)

сыртқы беті)

ӘКІМШІЛІК ТӘРТІПТЕ ҚАМАҚҚА АЛУ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Қамаққа алынды/ұсталды (арнайы қабылдаушықа орналастырылды)

(қашан, қай орган, қандай құқық бұзушылықты жасағаны үшін

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің
бабы, бөлігі, тармағы)

"___" _____ 20___ жылғы № хаттама _____

Босату туралы деректер

Босатылды _____

(қамаққа алынған/ұсталған адамға қашан, қандай шаралар қабылданды)

Қосымша мәліметтер

(бұрын сотталған, қайда, қашан ұсталды, басқа сауалнамалық деректермен)

БЕЛГІЛЕРІ: Дене кемістіктері, ерекше белгілері:

(кемістігі, жарақаты, сүйелдері, қалы, қара дақтары, тыртықтары, денесінің ауырсынатын жері, таздығы (нысаны),

кекештігі, бет пішіні, көздің түрлі түстілігі, тұтығуы, денедегі суреттері және басқасы)

Бақылау таңбалары

Сол қол

Оң қол

Картаны құрастырды

(лауазымы және тегі)

Картаның дұрыстығын тексерді, формуланы есептеді _____

(лауазымы, қолы, күні)

Саусақтарды түсіру тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық алынуы тиіс.

Іздердің бояуы таза біркелкі боялған, папилляр сызықтарының және өрнектердің айқын

және нақ, жай көзге жақсы көрінетін болуы тиіс.

Саусақтар, қолдың басы болмаса, ол туралы қашаннан бері жоқ екендігі көрсетіліп, картаның тиісті шаршысына жазу жүргізіледі (жылы, айы).

(205 x 290 өлшемі)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
4-қосымша

НЫСАН

Белгілі тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамға дактилоскопиялық карта

(жынысы) Тегі _____ Аты _____ _____ Әкесінің аты (ол болған кезде) _____ _____ Туған жылы "___" _____ 19___ жылы Туған жері _____ _____ Азаматтығы _____ Ұлты _____ _ Тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәлімет _____ _ (болу орны бойынша)	Дактилоскопиялық формула _____ Қосымша саралау _____
--	---

Тексеру ісі № _____

Оң қол

1. бас	2. сұқ	3. ортаңғы	4. аты жоқ саусақ	5. шынашақ
	16		8	
16		8		4

Сол қол

Бүгу сызығы

6. бас	7. сұқ	8. ортаңғы	9. аты жоқ саусақ	10. шынашақ
4		2		1
	2		1	

Бақылау таңбалары

Сол қол Оң қол

Дактилоскопияланатын адамның қолы _____

Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізудің негізі

Карта "___" _____ 20___ жылы толтырылды

(қай жерде және қай органда екендігін көрсету) (сыртқы беті)

Ұсталғаны туралы деректер

Ұсталды _____

(қашан, қай орган, ұстау негіздері)

Босату туралы деректер

Босатылды _____

(ұсталған адамға қашан, қандай шаралар қабылданды)

Жеке куәліктің немесе төлқұжат сериясы

№ _____ "___" _____ 20___ жылы берілді

Қосымша мәліметтер

(бұрын сотталған, ұсталды - қайда, қашан, басқа сауалнамалық деректермен)

БЕЛГІЛЕРІ: Дене кемістіктері, ерекше белгілері:

(кемістігі, жарақаты, сүйелдері, қалы, қара дақтары, тыртықтары, денесінің ауырсынатын жері, таздығы (нысаны),

кекештігі, бет пішіні, көздің түрлі түстілігі, тұтығуы, денедегі суреттері және басқалар)

Бақылау таңбалары Сол қол Оң қол

Картаны құрастырды

(лауазымы және тегі)

Картаның дұрыс құрастырылуын тексерді, формуланы есептеді _____

(лауазымы, қолы, күні)

Саусақтарды түсіру тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық алынуы тиіс.

Іздердің бояуы таза біркелкі боялған, папилляр сызықтарының және өрнектердің айқын

және нақ, жай көзге жақсы көрінетін болуы тиіс.

Саусақтар, қолдың басы болмаса, ол туралы қашаннан бері жоқ екендігі көрсетіліп, картаның тиісті шаршысына жазу жүргізіледі (жылы, айы).

(205 x 290 өлшемі)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
5-қосымша

нысан

Тегі бойынша картотекамен салыстырылды

Белгі қойылды _____

(тегі)

Жеке істің № _____

Қылмыстық істің № _____

Сотталған (күзетпен қамауға алу) туралы хабарлама

1. Тегі _____

—
2. Аты _____

—
3. Әкесінің аты (ол болған кезде) _____

—
4. Туған жылы "___" _____ 19__ жылы
Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

—
5. Туған жері _____
(облыс, қала, аудан, елді мекен)

—
6. Қылмыстық жауапкершілікке тартылғанға дейінгі тұрғылықты жері _____

—
7. Ұсталған күні "___" _____ 20__ жылы

8. Сотталды "___" _____ 20___ жылы

(соттың атауы)

ҚР ҚК-нің _____
баптары
(республика)
мерзімі _____ жыл _____ ай

(негізгі және қосымша жазаның түрлері,

қашан, қандай сотпен аса қауіпті рецидивист деп танылды)

9. Үкім "___" _____ 20___ жылы заңды күшіне енді

10. Үкім "___" _____ 20___ өзгертілді (апелляциялық, кассациялық (соттың атауы)

(қаулы және соттың атауы)

"___" _____ 20___ жылдан

(қаулының мазмұны)

(Сыртқы беті)

11. Келді, кетті " ___ " _____ 20___ жылы

(керек еместігін сызу) (мекеменің шартты атауы олардың орналасқан жері - облысы)

12. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылды не тағайындалған жаза мерзімі қысқартылды (ҚР ҚК-нің 73, 87-баптары)

Шешім қабылданды " ___ " _____ 20___ жылы

қаулының шығарылу күні, соттың атауы

(шешім мазмұны)

13. Босатылды / ___ / ___ / " ___ " _____ 20___ жылы

13.1 жазалау мерзімінің аяқталуымен

13.2 2 ҚР ҚК-нің _____ бабын (ҚР ҚК-нің 65-71 баптары) қолдану арқылы қылмыстық жауапкершіліктен

13.3 рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату (ҚР ҚК 78-бабы)

13.4 ҚР ҚК-нің 63-бабы негізінде _____ жыл _____ ай мерзіміне шартты түрде соттау қолданылды

13.5 ҚР ҚК-нің 74-бабына сәйкес жазаны өтеуін кейінге " ___ " _____ 20___ жылға

дейін _____ жыл _____ ай _____ күні мерзіміне қалдыру қолданылды.

13.6 ҚР ҚК-нің _____ бабы (ҚР ҚК-нің 72, 86-баптары) негізінде өтелмеген _____ жыл _____ ай _____ күн мерзіміне шартты түрде мерзімінен

бұрын босату қолданылды.

13.7 ҚР ҚК-нің 64-бабы 1-бөлігінің негізінде шартты түрде соттаудың күшін жоюға

және сотталған адамнан сотталғандықты алып тастауға байланысты.

13.8 жазаның өтелмеген бөлігін "айыппұлға" ауыстыру кезінде (ҚР ҚК-нің 73 бабы)

Шешім "___" _____ 20___ жылы қабылданды

(негіз, шешімді кім, қашан қабылдады және оның мазмұны, шартты және шартты-мерзімінен босату кезінде – өтелмеген мерзім

мерзімінен босату кезінде – өтелмеген мерзім)

14. Босатылғаннан кейін кетті

(таңдаған тұрғылықты жері)

15. Бас бостандығынан айырған орынға қайтарылды /___/___/

Мыналарға байланысты мерзімді есептеудің басталған күні "___" _____ 20___

жылы:

15.1 _____ жыл _____ ай _____ күн мерзіміне шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоюға

15.2 _____ жыл _____ ай _____ күн мерзіміне шартты түрде соттаудың күшін жоюға

15.3 _____ жыл _____ ай _____ күн мерзіміне кейінге қалдыру мерзімін жоюға немесе аяқталғанға ҚР ҚК-нің 74-бабының (2,3-бөліктері)

15.4 бұрын шартты-мерзімінен босату болмаса шартты сотталған (ҚР ҚК-нің 64- бабының 5-бөлігі) немесе жазасын өтеуді кейінге қалдырылған кезінде (ҚР ҚК-нің

74- бабының 4-бөлігі) адамға ҚР ҚК-нің 60-бабымен көзделген қағидалары бойынша

жаза тағайындауға байланысты мерзімді есептеудің басталған күні

"___" _____ 20___ жылы.

15.5 бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін (ҚР ҚК-нің 44-бабының 3-бөлігі)

_____ жыл _____ ай _____ күнге бас бостандығынан айыруға ауыстыру.

Шешім "___" _____ 20___ жылы қабылданды

қаулы шығарылған күн, соттың атауы

(шешімнің мазмұны)

16. Қайтыс болды " ____ " _____ 20__ жылы қайтыс болуды тіркеу туралы хабарлама
Жіберілді

(күні және АХАТ органының атауы)

17. Хабарлама құрастырылды

(мекеменің атауы)

_____ және орналасқан жері , (облыс, елді-мекен)
Орындаушы _____

(қолы, тегі)

Бастық _____

(қолы, тегі)

" ____ " _____ 20__ жылы

Ескерту:

1-6, 17-тармақтар барлық жағдайларда, 8-тек сотталғандарға, қалғандары – хабарламаны құрастырудағы мақсатқа қарай (босату, бас бостандығынан айыру орнына қайтару және басқалар) толтырылады

(205 x 290 өлшемі)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық

бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
6-қосымша

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын, ұстап алынған, белгілі тұрғылықты жері немесе жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға қатысты ақпараттық есепке алу құжаттарын рәсімдеу тәртібі

1-тарау. Әліпбилік есепке алу карточкасы

1. Қағаз тасымалдағыштағы әліпбилік есепке алу карточкасы орыс тілінде компьютер техникасын қолдана отырып толтырылады. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда көк немесе қара сиямен анық болатындай етіп қолмен жазуға болады, бұл ретте тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) баспа әріптерімен жазылуға тиіс. Түзетулер, тазартулар және жөндеулерге жол берілмейді.

2. Есепке алу субъектісінің туған күні мен туған жері, қылмыстық жауаптылыққа тартылғанға дейінгі тұрғылықты жері, сондай-ақ қылмыстық қудалау органының атауы қысқартусыз көрсетіледі. Қылмыстық істің нөмірі көрсетілуі тиіс.

Әліпбилік есепке алу карточканың 1-5-тармақтарымен көзделген деректемелер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 300-бабымен белгіленген жеке басты куәландыратын құжаттардан толтырылады, бұл ретте олар қазақ тіліндегі ерекше әріптерден тұратын болса, жақшаның ішінде сауалнамалық деректер орыс транскрипциясында мынадай тәртіпте көрсетіледі: Ә-А; Ғ-Г; Қ-К; Ө-О; Ү, Ұ-У; Ң-Н; І-И; Һ-Х.

Егер шетелдіктердің жеке басты куәландыратын құжаттарында сауалнамалық деректер мемлекеттік және орыс тілдерінен өзге тілде толтырылған болса, әліпбилік есепке алу карточкасына мәліметтер орыс транскрипциясында енгізіледі.

Адамда 1-3-тармақтармен көзделген деректемелердің біреуі жоқ болған жағдайда (тегі, аты, әкесінің аты) тиісті тармақта "жоқ" деп жазылады.

Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты немесе жүргізуші куәлігі болған кезде көрсетілген құжаттардағы жоқ (Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатында "әкесінің аты" және "туған жері: облыс", ал жүргізуші куәлігінде "туған күні, айы") сауалнамалық деректерді анықтау керек.

Ескерту: Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 203-бабының 5-бөлігіне сәйкес күдіктінің, айыпталушының жеке басты куәландыратын құжаты болмаған не жоғалған,

оны жоғалтқан жағдайда, оны құжаттауды уәкілетті орган сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Шетел азаматы болып табылатын айыпталушыда, азаматтығы жоқ, жеке басын растайтын құжаты жоқ адамдарға ерекше жағдайда қылмыстық іске басқа құжат салынуы мүмкін.

Егер құжаттарда әртүрлі деректер анықталса немесе есепке алынатын адамда бірнеше тегі, аты, әкесінің аты болса, онда іс жүргізуіндегі істер (материалдар) бар тергеуші (анықтаушы), тергеу изоляторының, гауптвахтаның әкімшілігі сол қамаудағы адамдардың шын сауалнамалық деректерін анықтау үшін дереу шаралар қолданады.

Сот үкімдерінде қарама-қайшы келетін деректер анықталса, есепке алу құжаттары құрастырылатын мекемелердің әкімшілігі, тиісті мәліметтерді анықтау жөнінде үкім шығарған соттарға сұрау салуларды жібереді.

Тегі, аты және әкесінің аты қосарлы адамдарға екі әліпбилік есепке алу карточкалары құрастырылады, онда кіріс тектерінің орындары ауыстырып жазылады.

Қосарланған аты, әкесінің аты туралы мәліметтер күдік тудырған жағдайда, әліпбилік есепке алу карточкалары осы тәртіпте құрастырылады және дұрыс сауалнамалық деректер анықтау үшін дереу шаралар қолданылады.

Егер қамаудағы (айыпталушы) белгіленген тәртіпте иеленбеген бірнеше тектерді, аттарды, әкесінің аттарын, оның ішінде бұрын сотталған болғандарын атаса, әліпбилік есепке алу карточкасы жеке басты анықтау туралы құжаттың негізінде бір шынайы (тектік) тегі бойынша толтырылады. Басқа ойдан шығарылған тегі, аты, әкесінің аты бойынша әліпбилік есепке алу карточкалары құрастырылмайды.

Тегі тере арқылы жазылатын адамдарға әліпбилік есепке алу карточкасын құрастыруға негіз болған тегі жеке басты куәландыратын құжатқа, сот үкіміне немесе есепке алу құжатты рәсімдеу үшін негіз болған басқа процестік актісіне сәйкес жазылады.

5-тармақта "облыс (қала)", ал шетел азаматтарына қосымша "ел" көрсетіледі.

7-тармақта азаматтың жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) толтырылуға жатады. Шетелдіктерге, сондай-ақ ЖСН-і жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарына 7-деректемеде "жоқ" деп көрсетіледі.

Қалада тұратын адамдарға әліпбилік есепке алу карточкасының 8-тармағында елді мекеннің, көшенің (шағын ауданның және басқа) аты, үйдің (құрылыстың және басқа және пәтердің (бөлменің және т.б.) нөмірі көрсетіледі. Мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлердің әліпбилік есепке алу карточкасының 8 және 9-тармақтарында әскери қызметке шақырылғанға дейінгі тұрғылықты жері және жұмыс орны көрсетіледі.

Жазасын өтеп жүрген кезде қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарға әліпбилік есепке алу карточкасының 8-тармағында оның сотталғанға дейінгі тұрғылықты мекенжайы, ал 9-тармағында "сотталған" деп жазылады және Қылмыстық

атқару жүйесі басқармасы мекемесінің, қоныс аудару мекемесінің және басқалардың мекенжайы көрсетіледі. Бұл ретте, жазасын Қылмыстық атқару жүйесі басқармасында өтеуші адамдарға әліпбилік есепке алу карточканың 12-тармағында "сотталған" деген жазу көрсетіледі.

Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған адамдардың әліпбилік есепке алу карточкасының 12-тармағында адамның тергеу изоляторына, гауптвахтаға қамауға алынған күні көрсетіледі.

Күзетпен ұстаудан өзгеше бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда "күзетпен қамауға алынды" деген сөздің үстіне қабылданған бұлтартпау шарасы және оны қолдану туралы шыққан қаулының күні көрсетіледі.

Әліпбилік есепке алу карточкасының 13-тармағында ұстап алу хаттамасының құрастырылған күні көрсетіледі.

Әліпбилік есепке алу карточкасының 14-тармағында күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылған күні көрсетілуі тиіс.

3. Әліпбилік есепке алу карточкаларында күзетпен қамауға алынған адамның оң қолының сұқ саусағының іздері көрсетіледі, ал ол саусақ болмаса немесе онда ақау болса, кез келген келесі саусақтың ізі алынып, ол жайында төменгі жағына жазылады. Саусақ іздерінің көшірмесін желімдеп жапсыруға тыйым салынады.

4. Әліпбилік есепке алу карточкасында соттылық туралы деректер қатаң түрде сот үкіміне сәйкес толтырылады. Соттың атауы және процестік шешімнің мазмұны толық көлемде және қысқартусыз көрсетіледі.

Бұл ретте, егер адам қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) ерекше бөлімінің әртүрлі баптарымен көзделген екі немесе одан да көп қылмыстар үшін сотталса, әліпбилік есепке алу карточкасында айыптаудың барлық баптары және ҚР ҚК-нің 58-бабына сілтеме жасай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша түпкілікті жаза көрсетіледі.

Сот әрбір қылмыстық іс бойынша бөлек үкім шығарған кезде, адам сотталған әрбір қылмыстық құқық бұзушылыққа есепке алу құжаттары құрастырылады. Екінші қылмыс бойынша құрастырылған әліпбилік есепке алу карточкасында және дактилоскопиялық картада, әліпбилік есепке алу карточканың 12-тармағында "күзетпен қамауға алынды" дегеннің орнына, адамның екінші іс бойынша жауаптылыққа тартылғаны туралы мәлімет және әліпбилік есепке алу карточканың 14-тармағына прокурордың айыптау актісін немесе онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекіту күні енгізіледі. "Кім күзетпен қамауға алды" деген деректемеде жауапқа тарту туралы шешім қабылдаған органның атауы, ал әліпбилік есепке алу карточканың 15, 16-тармақтарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты және бабы көрсетіледі.

5. Егер адам бір үкім бойынша жазасын өтеп болмай басқа қылмыс жасаса, онда жаңа есепке алу материалы құрастырылады. Бұл ретте, әліпбилік есепке алу

карточканың сыртқы бетінде соңғы үкім бойынша сотталғандығы туралы мәліметтер және ҚР ҚК-нің 60-бабына сілтеме жасай отырып, алдыңғы үкім бойынша өтелмеген мерзімнің қосылғаны (сіңірілгені) ескеріліп, жазаның жалпы мерзімі көрсетіледі. Мынадай: есепке алуға жататын адамның бұрын қай сотпен, қашан, қай баппен, қандай мерзімге сотталғаны туралы деректер көрсетілуге жатады.

6. Қылмыстық жауаптылыққа тарту (айыптау) бабы өзгертілген болса, процестік шешім туралы мәліметтерді толтырған кезде процестік шешім туралы мәліметті толтырған кезде әліпбилік есепке алу карточкасының сыртқы бетінде ҚК-нің бабын қайта саралау туралы белгі қойылады.

7. Қосымша жаза, түзету мекемесінің режимі, жазаны санау мерзімі, үкімнің заңды күшіне енгені туралы мәліметтер көрсетілуге жатады. Рақымшылық жасалған адамдарға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес жазба жүргізіледі.

8. Сот ҚР ҚК-нің ерекше бөлігінің бабының санкциясымен көзделгенге карағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындаған кезде, әліпбилік есепке алу карточкасында ҚР ҚК-нің жалпы бөлігінің бабына немесе тиісті нормативтік құқықтық актіге сілтеме көрсетіледі.

2-тарау. Дактилоскопиялық карта

9. Дактилоскопиялық картада қамауда отырған орынның немесе дактилоскопия жүргізілген органның атауы, құрастырылған күні және оны құрастырған қызметкердің тегі көрсетіліп, барлық көзделген деректемелер толтырылады.

10. Дактилоскопиялық картада адамның сауалнамалық деректері белгілі тұрғылықты жері немесе жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ адамдардың деректерін қоспағанда әліпбилік есепке алу карточкасын рәсімдеу қағидаларына сәйкес енгізіледі.

11. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылмаған қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған қамаудағы (сотталған) адамдарға дактилоскопия жасау кезінде, ұстап алу, күзетпен қамауға алу туралы мәліметтер (осы Қағидалардың 2-қосымшасы) тиісті хаттамаға сәйкес дактилоскопиялық картаға енгізіледі.

12. Әкімшілік тәртіпте қамауға алынған және арнайы қабылдағышқа орналастырылған адамдарға дактилоскопия жасаған кезде ұстау/босату туралы мәліметтер (осы Қағидалардың 4-қосымшасы) әкімшілік тәртіпте сотталған адамдарға арналған дактилоскопиялық картаға адмады арнайы қабылдағыштан босату туралы қаулыға сәйкес енгізіледі.

13. Белгілі тұрғылықты жері немесе жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға дактилоскопия жасаған кезде сауалнамалық деректері және ұстау/босату туралы мәліметтер белгілі тұрғылықты жері немесе жеке басын куәландыратын

құжаттары жоқ адамдарға арналған дактилоскопиялық картаға (осы Қағидалардың 3-қосымшасы) қабылдағыш-тарату мекемесінен адамды босату туралы қаулысына сәйкес енгізіледі.

14. Қол саусақтарының іздері тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық түсіріледі, папиллярлық сызықтар жай көзге анық көрінетіндей айқын бейнеленуі тиіс.

Дактилоскопия жасалатын адамның қолы немесе саусақтары жоқ болса, дактилоскопиялық картаның тиісті шаршысында қолын немесе саусақтарын жоғалту себебі (тірі кезінде кесіп алынып тасталған, теміржол жарақаты, іріңдеп шіріп кеткен және басқа) және күні көрсетіліп, тиісті белгі жасалынады. Қолы болмаған жағдайда себебі мен ескіру мерзімі көрсетілген анықтама қоса берілуі тиіс.

Саусақ іздерінің қойылу дұрыстығын тексеру үшін дактилоскопиялық картада оң және сол қолдар саусақтарының бақылау таңбалары қойылады, олар негізгі таңбалардың қойылу дұрыстығын салыстыру үшін қажет. Дактилоскопиялық картаның сыртқы бетінде алақандардың таңбалары қойылады.

15. Саусақтарының тері жабынының ауруларына немесе басқа да уақытша ауруларына (сынуы) байланысты папиллярлы сызықтарының айқын және анық бедерлерін алу мүмкін болмаған жағдайда қылмыстық қудалау органы бұндай саусақтарды (танылмаған мәйіттердің саусақтарын қоспағанда) емдеу бойынша шаралар қабылдайды. Саусақтар емдеуге келмеген жағдайда, дактилоскопия жасаған органның дәрігері дактилоскопиялық картаның артқы бетіне анықтама жазады.

16. Дактилоскопиялық картаның алдыңғы бетінде бақылау таңбаларынан төмен дактилоскопия жасалған адамның (танылмаған мәйіттерді қоспағанда) қолы қойылады.

17. Дактилоскопия жасалушыда зақым, жарақат, тыртық және басқа да ерекшеліктер болған жағдайда, ол туралы мәлімет дактилоскопиялық картаның артқы бетінде "Дене кемістіктері" бағанында көрсетіледі. Татуировка болған жағдайда оның түрі мен мақмұны сипатталады.

18. Жеке басы анықталмаған мылқау-кереңге, сондай-ақ кең таралған тегі болса да, әкесінің аты жоқ адамдарға "Қосымша мәліметтер" тарауында олардың сотталғандығы туралы деректер жазылады.

Дене кемістіктері және ерекше белгілер туралы мәліметтер көрсетілуге жатады.

19. Дактилоскопиялық карталар адресаттарға конверттерді тікпестен ашық түрінде жіберіледі.

3-тарау. Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарлама

20. Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламада тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) баспа әріптермен жазылады. Туған күні және жері, қылмыстық жауапкершілікке тартылғанға дейінгі тұрғылықты жері қысқартусыз көрсетіледі.

21. Сауалнамалық деректер, ұсталған күні, процестік шешімдері сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламада әліпбилік есеп карточкасын рәсімдеу ережесіне сәйкес толтырылады.

Адамда хабарламаның 1-3-тармақтарымен көзделген деректемелерінің біреуі жоқ болған жағдайда (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) хабарламаның тиісті тармағында "жоқ" деп жазылады.

Хабарламаның 4-тармағында туған күні мен жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетілуі тиіс. Шетелдіктерге, сондай-ақ ЖСН-і жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарына 4-деректемеде ЖСН бағанында "жоқ" деп жазылады.

22. Қайтыс болған сотталған және тегі кең тараған әкесінің аты жоқ адамдарға қатысты хабарламаның алдыңғы бетінде дактилоскопиялық формула қойылады.

23. Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламаның 7-тармағында ұстау хаттамасының құрастырылған күні көрсетіледі.

Хабарламаның 8-тармағында соттың атауы және процестік шешімінің мазмұны толық көлемде және қысқартусыз көрсетіледі. Қылмыстардың жиынтығы бойынша заңмен қарастырылғаннан жұмсақтау жаза тағайындалған кезде, сол тармақта ҚР ҚК-нің 55, 58, 60-баптарына сілтеме жасалынады. Қосымша жаза, түзету мекемесінің режимі, жазаны санау мерзімі көрсетілуге жатады.

Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламаның 8-тармағында әскери сотпен осы адам сотталған аумағындағы мемлекеттің облысы көрсетіледі.

Үкімнің заңды күшіне енген күні туралы мәліметтер 9-тармаққа енгізіледі.

Хабарламаның 10-тармағында үкімнің өзгеруі туралы мәліметтер, сондай-ақ "Рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде жазаның мерзімін қысқарту, сотталған адамды ұстау мекемесінің түрін өзгерту, қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауыстыру туралы және басқа да деректер толық көрсетіледі.

Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламаның 11-тармағында адамдардың тергеу изоляторынан, гауптвахтадан түзеу мекемесіне айдауылмен әкетілген күні, сотталған жеткізілетін мекеменің аты мен орналасқан жері көрсетіледі.

Хабарламаның 12-тармағында жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жұмсақтау түрімен алмастыру немесе тағайындалған жазаның мерзімін қысқарту туралы мәліметтер көрсетіледі (ҚР ҚК 73, 87-баптары). "Шешім қабылданды" деген деректемеде шешімді қабылдау күні, оны шығарған соттың атауы және шешімнің толық мазмұны көрсетіледі.

Хабарламаның 13-тармағында "Босатылды" деген сөзден кейін босатудың негізіне және түпкілікті босатылған күніне сәйкес тармақтың нөмірі (13.1; 13.2; 13.3; 14.4; 13.5; 13.6; 13.7, 13.8) көрсетіледі. Тиісті тармақта адам босатылуға жататын бап және мерзімі көрсетіледі (шартты түрде соттау, жазаны өтеуді кейінге қалдыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін айыппұлға ауыстыру – айыппұлдың мөлшері). Әрі қарай, "Шешім қабылданды" деген деректемеде босату

туралы шешімнің қабылданған күні, оны шығарған соттың атауы және шешімнің толық мазмұны көрсетіледі. Рақымшылық қолданған жағдайда, "Рақымшылық туралы" Заңның бабы және ол қабылданған күн көрсетіледі.

Хабарламаның 15-тармағында адамды бас бостандығынан айыру орнына белгілеу бойынша, оның ішінде соттаудың күшін жоюға байланысты қайтару (орналастыру) туралы мәліметтер көрсетіледі. Бас бостандығынан айыру орнына қайтарудың мерзімінің басталатын күнінің негізіне сәйкес келетін (15.1; 15.2; 15.3; 15.4; 15.5) тармақтың нөмірі көрсетіледі. Тиісті тармақта тұлғаны бас бостандығынан айыру орнына қайтарудың (орналастыру) мерзімі көрсетіледі. Әрі қарай, "Шешім қабылданды" деректемесінде бас бостандығынан айыру орнына қайтару (орналастыру) туралы шешімнің қабылданған күні, оны шығарған органның атауы және мазмұны көрсетіледі.

24. Сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламаның 11 және 17-тармақтарында тергеу изоляторының, түзеу мекемесінің гауптвахтасының және олардың орналасқан жерлерінің шартты атаулары көрсетіледі.

25. Комитеттің басқа аумақтық органдарына және МАБ-қа жіберілуге тиісті сотталған (күзетпен қамауға алынған) адам туралы хабарламаның алдыңғы бетінің жоғарғы сол жақ бұрышында: мәліметтерді кім және қашан әліпбилік есеп карточкаларына енгізгендігі туралы жазба жүргізіледі.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
7-қосымша

нысан

Жіберушінің пошталық индексі және мекенжайы: _____

_____ " ____ " _____ 20__ жыл

Дактилоскопиялық есепке алу бойынша тексерілуге жататын адамдарға арналған талап

(талап жіберілген органның атауы)

1. Тегі _____

2. Аты және әкесінің аты (ол болған кезде) _____

3. Туылды " __ " _____ 19 __ жылы

4. Туған жері _____

(облыс, қала, аудан, елді мекен, (аймақ) ел)

5. Ұсталды " __ " _____ 20 __ жылы

6. Сауалнамалық деректер жазылды _____

(негізін көрсету: сөздерінен; құжаттың түрі мен деректемесі)

Бастық _____

(талапты жіберген органның атауы)

(тегі, қолы)

Орындаушы _____

(тегі, қолы)

М.О.

Талап компьютерлік техникада немесе қолмен анық және айқын толтырылады.

Талапты қолмен толтырған кезде жіберушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

мекенжайы баспа әріптерімен жазылады.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау

"Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесіне ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу тәртібі

1. "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЕА ААЖ) мәліметтерді енгізу автоматты режимде жүргізіледі.

2. Электронды әліпбилік есеп карточкасы АЕА ААЖ-да Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларының 13-қосымшасына сәйкес "Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдіктелген (айыпталушы) адамға нысандарынан" (бұдан әрі – Л-2 нысаны) деректерді автоматты түрде толтыра отырып, кейін "Сот актілері шығарылған адамға қатысты нысаннан" толықтыра отырып қалыптастырылады.

АЕА ААЖ-да электронды әліпбилік есеп карточкасы Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) Л-2-нысанының "Ұстау негізі және себебі: " 29 немесе Л-2 нысанының "Тұлғаны күдікті деп тану туралы жариялаудың негізі" 31-деректемелерін, немесе Л-2 нысанының "Осы тұлғаға қатысты шешім қабылданды" 55-деректемесін толтырған күннен бастап қалыптастырылады.

3. Комитеттің аумақтық органының қызметкері АЕА ААЖ және автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АДАЖ) мәліметтердің мерзімінде және нақты енгізілуіне дербес түрде жауап береді.

4. АДАЖ-ға дактилоскопиялық карталарды енгізер алдында бір іс/хаттама бойынша бұрын енгізілген мәліметтердің болуын тексеру қажет. Қосарланған енгізуге жол берілмейді.

Бір адамға қатысты, бір іс/хаттама бойынша бірнеше дактилоскопиялық карта болған кезде, АДАЖ-ға неғұрлым анық таңбалары бар және толық мәліметтерді қамтитын дактилоскопиялық карта енгізіледі.

АДАЖ-ға мәліметтерді енгізгеннен кейін, дактилоскопиялық картада деректер қоры берген дактилоскопиялық картаның реттік нөмірі көрсетілген мөртаңба қойылады.

5. АЕА ААЖ-ға есепке алу мәліметтерін енгізу алдында Комитеттің аумақтық органының қызметкері немесе Комитеттің аумақтық органының өкілі АЕА ААЖ-да, бірыңғай бірегейлік статистикалық жүйеде (бұдан әрі – ББСЖ), СДТБТ-да осы адамға қатысты мәліметтердің болуын/болмауын тексереді.

АЕА ААЖ-ға бұрын енгізілген сауалнамалық деректерде немесе басқа да мәліметтерде қарама-қайшылықтар анықталған кезде, Комитеттің аумақтық органының қызметкері оларды нақтылау шараларын дереу қабылдайды, қабылданған шаралардың нәтижелері бойынша жиырма төрт сағат ішінде АЕА ААЖ-ға жеткіліксіз мәліметтерді

енгізуді қамтамасыз етеді және растайтын құжаттардың графикалық көшірмелерін (жеке басты куәландыратын құжаттар, қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың процестік құжаттары) қоса тіркейді.

Тергеу изоляторынан, гауптвахтадан келіп түскен әліпбилік есепке алу карточкасын өңдеу барысында АЕА ААЖ-да тексерілетін адамға қатысты күзетпен ұстаудан бөлек бұлтартпау шарасы бар сол бір қылмыстық іс бойынша электрондық әліпбилік есепке алу карточкасы болған жағдайда, "бұлтартпау шарасы" және "күні" деген деректемелерде тиісті түзету жүргізіледі. Жаңа әліпбилік есеп карточкасы мұндай жағдайларда АЕА ААЖ-ға енгізілмейді.

Сондай-ақ АЕА ААЖ-ға бұрын күзетпен ұсталған және сол бір қылмыстық іс бойынша тергеу изоляторына, гауптвахтаға қайта орналастырылған адамға қатысты мәліметтер болған кезде, жаңа әліпбилік есеп карточкасы енгізілмейді. Бұл ретте, " бұлтартпау шарасы" және "күні" деген деректемелер өзгертілмейді, "қосымша белгілер " деген деректемеде адамның тергеу изоляторына, гауптвахтаға орналастырылған күні көрсетіліп, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының қайта қолданылғаны туралы тиісті жазба жүргізіледі.

Сауалнамалық, анықтама деректерінде қарама-қайшылықтар немесе СДТБТ-ның немесе ББСЖ-ның мәліметтеріндегі процестік шешімдердің (2015 жылға дейін қозғалған істер бойынша) сәйкес келмеуі анықталған кезде, тексерілетін адамға қатысты растайтын құжаттардың (жеке басты куәландыратын құжаттар, қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың процестік құжаттары) негізінде Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алуды жүргізу үшін жауапты қызметкері баянат негізінде СДТБТ-ның немесе ББСЖ-ның тиісті түзетуін жүргізу қажеттігі туралы бөлімнің бастығын ақпараттандырады.

Егер СДТБТ-ның немесе ББСЖ-ның мәліметтері Комитеттің басқа аумақтық органының түзетуіне жататын болса, Комитеттің қарама-қайшылықты анықтаған аумақтық органының бастығы Комитеттің тиісті аумақтық органына растайтын құжаттарды қоса бере отырып, түзету жүргізу туралы өтінішхатпен жүгінеді.

Қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру үшін жауапты қызметкер растайтын құжаттарды тексергеннен кейін, бір жұмыс күні ішінде СДТБТ немесе ББСЖ түзету жүргізеді. Өзге мемлекеттік органдарда (қылмыстық қудалау органдары, соттар, архивтер) нақтылауды қажет ететін қосымша тексеру жүргізген кезде түзету тиісті жауаптар алынғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Комитеттің аумақтық органының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру үшін жауапты қызметкері деректемелерге түзету енгізілгеннен немесе СДТБТ-ға немесе ББСЖ-ға қате енгізілген мәліметтерді жойғаннан кейін, түзету бастамашысын және Комитетті жазбаша, ал бас тартқан жағдайда, сол мерзімде бас тарту себебін көрсете отырып, түзету бастамашысын хабарландырады.

Растайтын құжаттардың (қағаз тасымалдағышта) көшірмелері, оларды ұсыну және түзету бойынша хат алмасулар бөлек номенклатуралық іске тігіледі (қалыптастырылады).

6. АЕА ААЖ-ға барлық ақпарат қатаң түрде тиісті деректемелерге, қысқартуларсыз және растаушы құжаттардың (қаулы, үкім, хабарлау, анықтама және басқа, ЖСН-і жоқ адамдар үшін: жеке куәлік, паспорт және басқа) графикалық көшірмелерін сала отырып енгізіледі.

Электрондық әліпбилік есеп карточкасының 8.1, 8.2, 8.3, 19.2, 26.1, декретемелері тек кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға АЕА ААЖ-да автоматты түрде толтырылуға жатады.

7. Адамдардың сауалнамалық деректері АЕА ААЖ-ға жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры" (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) ақпараттық жүйесіне онлайн енгізіледі.

ЖТ МДҚ-да мәліметтері жоқ шетелдіктердің, сондай-ақ ЖСН-і жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарының сауалнамалық деректері АЕА ААЖ-ға жеке басты куәландыратын құжаттар негізінде енгізіледі.

Шетелдіктердің жеке басын куәландыратын құжаттарында сауалнамалық деректері қазақ және орыс тілдерінен өзге тілде толтырылса, әліпбилік есепке алу карточкасын толтыру үшін әріптік белгілерін орыс әліпбиіне транслитерация жасау қажет.

Адамда деректемелердің бірі "тегі", "аты", "әкесінің аты" болмаған жағдайда, АЕА ААЖ-да тиісті тармақ толтырылмай қалады.

Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты немесе жүргізуші куәлігі болған кезде, көрсетілген құжаттарда жоқ анықтама деректерінің (Қазақстан Республикасы азаматының паспортында "әкесінің аты" және "туған жері: облысы" жоқ, жүргізуші куәлігінде – "туған күні мен айы") нақтылау талап етіледі, тек нақты деректер анықталғаннан кейін ғана мәліметтерді АЕА ААЖ-ға енгізу қажет.

8. Бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған болмаса тартылатын адамдардың сауалнамалық деректері өзгергені туралы мәлімет анықталса/келіп түссе Комитеттің аумақтық органының қызметкерімен оның АЕА ААЖ-да болуы тексеріледі.

АЕА ААЖ-да бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған болмаса тартылатын адамдардың жаңа және бұрынғы деректерімен әліпбилік есеп карточкасы болған кезде, Комитеттің аумақтық органы "басқа сауалнамалық деректер бар" деген деректеме арқылы мәліметтерді біріктіреді.

АЕА ААЖ-да бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған болмаса тартылатын адамдардың жаңа әліпбилік есеп карточкасы болмаған кезде, Комитеттің аумақтық органы АЕА ААЖ мәлімет "бірінші енгізу" бөліміндегі "Басқа сауалнамалық деректерді қосу" функционалы көмегімен "OnLine ЖТ МДБ" арқылы оларды тексерумен және ЖСН-і толтырумен енгізіледі.

9. АЕА ААЖ-да сот қылмыстық ісін (қудалауын) тоқтатқан адамға сот үкімінің (қаулысының) күні, соттың атауы қысқартусыз, ҚР ҚК-нің және ҚР ҚПК-нің баптарына сілтеме, сот үкімінің (қаулысының) заңды күшіне енген күні енгізіледі.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық істі (қудалауды) тоқтатқан кезде, АЕА ААЖ-да қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарған органның толық атауы, ҚР ҚК-нің және ҚР ҚПК-нің баптарына сілтеме, прокурордың бекітуі немесе қорытындысы туралы, яғни қылмыстық істі (қудалауды) қысқарту негізімен прокурордың келісуі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қылмыстық істері (қудалауы) тоқтатылған (жергілікті есепке алу) адамдарға қатысты АЕА ААЖ-да жауапты қызметкер куәландырған келесі растаушы құжаттардың графикалық көшірмелері қоса тіркеледі:

егер қылмыстық ісін (қудалауын) қылмыстық қудалау органдары іс жүргізумен тоқтатса, прокурормен келісілген қылмыстық істі (қудалауды) тоқтату туралы қаулы, қылмыстық іс ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, прокурордың қылмыстық істі (қудалауды) тоқтатумен келісімі туралы дәлелді қорытындысының көшірмесі қосымша тіркеледі;

егер қылмыстық істі (қудалауды) сот тоқтатса, сот шешімінің заңды күшіне ену күнін көрсете отырып, қылмыстық істі (қудалауды) тоқтату туралы қаулының (үкімнің) көшірмесі қоса тіркеледі.

10. Комитеттің аумақтық органына тоқтатылған қылмыстық істер келіп түскен кезде архивтік жұмыс бөлімшесінің қызметкері тегі бойынша есепке алуды жүргізу үшін жауапты қызметкеріне тізім бойынша тоқтатылған істерді жібереді.

Тегі бойынша есепке алуды жүргізу үшін жауапты Комитеттің аумақтық органының қызметкері бес жұмыс күні ішінде тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтердің АЕА ААЖ-ға дұрыс енгізілуіне тексеру жүргізеді және растайтын құжаттардың графикалық көшірмесін салады. АЕА ААЖ-да нақты емес немесе жетіспейтін мәліметтер анықталған кезде, АЕА ААЖ-да мәліметтер жаңару үшін СБДТ-ға өзгерту енгізу туралы тиісті баянат ұсынылады.

Тексеру іс-шараларынан кейін бір жұмыс күні ішінде тоқтатылған қылмыстық істер тізім бойынша Комитеттің аумақтық органының архивтік жұмыс бөлімшесіне қайтарылады.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды

Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларды құру тәртібі

1-тарау. Тегі бойынша картотекалар

1. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуларды жүргізу бойынша топтарда төлқұжаттар жүргізіледі, олар хатшылықтың істер номенклатурасы бойынша есепке алынады және тұрақты сақтау мерзімдері бар.

Картотека төлқұжатында мыналар: көрсетіледі

бір айда есепке алуға қабылданған құжаттардың саны туралы мәліметтер;

сақтау мерзімдері бойынша бір айда есепке алудан шешілген құжаттардың саны туралы мәліметтер;

бір жылда есепке алуға қабылданған және есепке алудан шешілген карточкалардың жалпы саны көрсетіледі.

2. Тегі бойынша картотекаларды құрудың негізгі қағидаттары:

1) тегі бойынша картотекаларда әліпбилік есепке алу карточкалары тектердің, аттардың және әкелерінің аттарының (олар болған кезде) әліпбиі бойынша орналастырылады.

Тектері, аттары және әкелерінің аттары (олар болған кезде) бірдей адамдарға қатысты әліпбилік есепке алу карточкалары жасы үлкенінен бастап, туған жылдары бойынша орналастырылады - 1940, 1955, 1968, 1972 және т.с.с.;

2) тектері бірдей ер адамдар мен әйелдердің әліпбилік есепке алу карточкалары аттары мен әкелерінің аттарының (олар болған кезде) әліпбиі бойынша орналастырылады;

3) тектерінде айыру немесе жіңішкелік белгілері кездесетін адамдардың әліпбилік есепке алу карточкаларын картотекаға орналастырған кезде, олар назарға алынбайды. АЕА ААЖ-ға ақпаратты енгізген кезде "Ъ" әрпі "Ь" әрпіне алмастырылады

4) тектерінде қатарынан екі бірдей дауыссыз немесе дауысты әріптер кездесетін адамдардың әліпбилік есепке алу карточкалары әліпби бойынша бір әрпі бар ретінде орналастырылады;

5) әліпбиді құру үрдісінде ұқсас тектер біріктіріледі.

6) анықтамалық жұмысын жүргізген және есепке алу карточкаларын әліпби бойынша орналастырған кезде қателіктерге жол бермеу мақсатында қайта салуға жататын есепке алу карточкаларының орнына жекелеген тектерді, аттарды және буындарды біріктіру кезінде біріктіру жүргізілгені көрсетілген белгілік салғыштар қалдырылады;

7) бұрын ойдан шығарылған сауалнамалық деректермен сотталған адамдар туралы әліпбилік есепке алу карточкалары ішкі істер органдарының немесе соттың актілері

негізінде қалпына келтірілген тектері, аттары және әкелерінің аттары бойынша картотека әліпбиі бойынша орналастырылады. Ойдан шығарылған сауалнамалық деректері бар есепке алу карточкаларына өзгерту негіздері көрсетілген қалпына келтірілген сауалнама деректері енгізіледі. Бұл ретте оларда адам бұрын сотталғандағы сауалнамалық деректердің мәліметтері сақталады;

8) бір адамға арналған соттылығы туралы қосарланған мәліметтері бар, тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және өзге де анықтаушы деректерін жазған кезде бұрмалауға жол берілген, сондай-ақ бір сауалнамалық деректермен әр түрлі қылмыстары үшін бірнеше рет тіркеуге алынған әліпбилік есепке алу карточкалары пакетке (муфта) біріктіріледі;

9) картотекадан әліпбилік есепке алу карточкаларын түзетулер енгізу (оның ішінде деректер қорында да), көшірмелерін алу, қызметтік белгілерді қою үшін тек бір жұмыс күнінен артық емес мерзімге алып қоюға жол беріледі. Жұмыс күнінің соңында уақытша алынған есепке алу құжаты картотекаға қайтарылуы тиіс.

Әліпбилік есепке алу карточкасын картотекадан уақытша алған кезде алынған есепке алу құжатының орнына картотекаға карточка уақытша қолында боатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) мен лауазымы көрсетілген, бөлім бастығының қолымен расталған атаулық салғыш салынады.

Салғыштар есепке алынады және оған бөлім бастығы қол қояды. Картотекада жұмыс істейтін қызметкерлерге ғана, қатаң есеп бойынша беріледі және олардың болуы тоқсан сайын тексеріледі. Қызметкер жұмыстан шығарылған жағдайда, бөлім бастығына атаулық салғыштарды кейіннен жою үшін береді.

3. Картотекада жүйелі түрде картотекалық қорға қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізіледі – жетпейтін мәліметтермен толықтыру, қию, тозығы жеткен әліпбилік есепке алу карточкаларын қайта жазу, муфталарды алмастыру және басқа, сондай-ақ картотека шкафтарын шаңнан тазарту.

4. Әрбір картотеканың жәшігінде әліпбилік есепке алу карточкасы бойынша бірінші болып өткен адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілген бирка орналастырылады.

2-тарау. Дактилоскопиялық картотекалар

5. Дактилоскопиялық картотекалар он саусақ жүйесі бойынша құрылады. Дактилоскопиялық карталардағы таратып салу ер адамдар мен әйелдерге жеке, үдемелі тәртіпте есептелген дактилоскопиялық формулалар бойынша жүргізіледі.

Дактилоскопиялық карталар көлемі 32x32 болатын қалың картоннан жасалған арнайы папкаларда орналастырылады. Әрбір папкаға 300-400 дактилоскопиялық карталар орналастырылады. Папканың түбіріне папкадағы дактилоскопиялық карталардың негізгі және қосымша формулалары көрсетілген бирка жапсырылады.

Дактилоскопиялық карталары бар папкалар арнайы картотекалық шкафтарға үдемелі дактилоскопиялық формулалар бойынша жоғарғы сөреден бастап, солдан оңға қарай қатарластырып қойылады.

6. Дактилоскопиялық карталар картотекада негізгі формуланың алымы бойынша, 1 санынан бастап 32 санына дейін жайғастырылады. Осылайша, барлық дактилоскопиялық карталар негізгі формуланың алымы 1-ге тең бірінші топқа, 2-ге тең екінші топқа және әрі қарай кіреді, яғни барлығы 32 топ болады.

Әрі қарай осы топтардың әрқайсысы кіші топтар бойынша негізгі формуланың алымының саны бойынша өрлеу тәртібінде дактилоскопиялық карталар таңдалып алынады.

Мысалы: бірінші топта $1/1, 1/2, \dots, 1/32$ дейін

екінші топта $2/1, 2/2, \dots, 2/32$ дейін

үшінші топта $3/1, 3/2, \dots, 3/32$ дейін

және басқалар $\dots, 32/32$ дейін.

7. Әр кіші топтың ішінде дактилоскопиялық карталар қосымша формуланың алымының сандары бойынша өсу тәртібінде қойылады.

8. Дактилоскопиялық карталардың бірдей негізгі формуласы және қосымша формуланың бірдей алымы болса олар қосымша формуланың алымының өсетін санына қарай тиісті кіші топтарға орналасады.

9. Дактилоскопиялық карталарды орналастырғанда мыналарды ескеру керек: алдымен негізгі формуласы $1/1$ дактилоскопиялық карталар орналасуы тиіс, ал олардың біріншісі - қосымша формуланың ең аз алымы мен бөлімі бар дактилоскопиялық карта, одан кейін қосымша формуласының алымы үлкен сол негізгі формуламен тұрады. Негізгі формулалары $1/2, 1/3, \dots, 32/32$ дактилокарталар сол реттілікпен орналасады. Сонымен, негізгі формуланың алымында 2, 3, 4..., 32 сандары бар дактилоскопиялық карталар осы бірізділікпен жүйеленеді.

Картотеканың ең соңында негізгі формуласы $32/32$ және қосымша формуласының алымы мен бөлімі ең көп дактилоскопиялық карталар орналасады.

10. Үлкен көлемді дактилоскопиялық картотекада керекті дактилоскопиялық карталарды табу жұмысын жеңілдету мақсатында дактилоскопиялық карталарды өрнек секторлары бойынша орналастыруға болады:

біріншісі - саусақтары немесе саусақ өрнектері жоқ/кесілген/жарақаты бар/0 санымен белгіленген немесе адамдарға дактилоскопиялық карталар;

екіншісі - бір немесе бірнеше саусақтарында радиалдық/үлкен/ілмек өрнектері бар карталар;

үшіншісі - бір немесе бірнеше саусақтарда доға өрнектері бар/1 саны немесе дактилоскопиялық карталар;

төртіншісі – дактилоскопиялық картада иірілген/айналмалы/өрнек болғанда:

1) сол дельта ішке орналасқан/7 саны/;

- 2) дельта ортада орналасқан/8 саны/;
- 3) сол дельта сыртта орналасқан/9 саны/;

бесіншісі - басқалары, яғни ульнарлы/шынашақтың/ілмек өрнектері бар дактилоскопиялық карталар.

Осы секторлардың әрқайсының ішінде, ал төртіншіде - үш кіші секторлардың ішінде, дактилоскопиялық карталар топтар бойынша орналасады:

осы топтардың әрқайсына тән өрнектері бар карталар алдымен бірінші саусақ бойынша, содан кейін екіншісі, үшіншісі және тағысын тағы;

тек бір оң немесе сол қолда екі немесе одан көп осындай өрнек болса – дактилоскопиялық карталар оң немесе сол қолда аралас (мысалы, 0 немесе 2) өзінше топ құрайды;

бұл секторлардың басқа карталары оң немесе сол қолда аралас (мысалы, 0 немесе 2) өзіндік топта орналасады.

Дактилоскопиялық карталар әрбір топтың ішінде осы Қосымшаның 6-тармағына сәйкес формулалар бойынша орналасады.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
10-қосымша

НЫСАН
"БЕКІТЕМІН"
ҚР ІІМ ҚАЖК-ның аумақтық органының
_____ бастығы
20__ жылғы " __ " _____

"БЕКІТЕМІН"
ҚР БП ҚСЖАЕК-нің аумақтық органының
_____ бастығы
20__ жылғы " __ " _____

___ бастап ___ 20_ жылға дейінгі мерзімге пробациялық есепке алудағы, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдардың саны бойынша салыстырып тексеру актісі

Атауы	ҚР БП ҚСЖАЕК-нің аумақтық органының деректері бойынша	ҚР ІІМ ҚАЖК-ның аумақтық органының деректері бойынша	Айырмашылық	Ескерту

Бас бостандығынан айыру орнына келу немесе кету				
ШМБ				
ЗМН				
Бас бостандығынан айырумен байланыссыз жазаға сотталған тұлғаларды пробациялық бақылауға қою немесе алу				
Қосымша жазаны өтеу үшін пробациялық бақылауға қою немесе алу				
ТМ қайтару				
Жазаны өтеу мерзімін қысқарту				
Соттылықты алу				

Ескерту: салыстыру актісіне ай сайын есепке алудағы адамдар туралы деректерді толтыра отырып, тізім қоса берілісін

Құрастырды:

ҚР ІІМ ҚАЖ-дың аумақтық органының қызметкері

Құрастырды:

ҚР БП ҚСЖАЕАК-нің аумақтық органының қызметкері

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған және адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларына
11-қосымша

Ақпараттық есепке алу құжаттарын тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда және мәліметтерді "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақтау мерзімдерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) және оның аумақтық органдарының тегі бойынша (әліпбилік) және дактилоскопиялық картотекаларында есепке алу құжаттары соттылығын өтеген немесе оны алып тастаған мерзімдеріне қарамастан сақталады. Орналастырылған және алынған есепке алу құжаттарының саны туралы мәліметтер картотекалардың паспорттарында көрсетуге жатады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдар туралы мәліметтер "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттар жүйесінде (бұдан әрі – АЕА ААЖ) тұрақты сақталады.

3. Әліпбилік есепке алу карточкалары тегі бойынша картотекадан алып тастауға жатпайды. Әліпбилік есепке алу карточкасын АЕА ААЖ-дың есепке алуынан алған кезде тегі бойынша картотекада орналасқан әліпбилік есепке алу карточкасында тиісті белгі қойылады.

4. Істері бойынша қабылданған процестік шешім туралы мәліметтерді алу мүмкін болмаған адамдардың әліпбилік есепке алу карточкалары бұлтартпау шарасы қолданылған күннен бастап он жыл өткен соң тегі бойынша картотекадан алынады және АЕА ААЖ-дан (АЕА ААЖ-ға адамды қылмыстық жауаптылыққа одан әрі тартуға немесе соттауға қандай да бір растайтын құжаттардың болмауын растайтын құзыретті органдар құжаттарының (жауаптарының) графикалық көшірмелерін сала отырып) есептен алынады.

5. Сот шешімі бойынша ақталған, сондай-ақ қылмыстық істері ақтайтын негіздер бойынша, немесе маңыздылығы аз болуына байланысты тоқтатылған адамдарға арналған әліпбилік есепке алу карточкалары АЕА ААЖ-дан (АЕА ААЖ-ға әліпбилік есепке алу карточкасының және процестік шешімнің графикалық көшірмесін қоса отырып) бірден тиісті процестік шешімді алғаннан кейін, басқа соттылықтарына қарамастан, есепке алудан алынады.

6. Дактилоскопиялық картотекада есепке алуда тұратын адамдардың дактилоскопиялық карталары әліпбилік есепке алу карточкаларының сақталу мерзіміне қарамастан, олар жетпіс жасқа келгенше, бірақ соңғы қылмыстық ісі бойынша күзетпен қамауға алынған (қамалған) күнінен он бес жылдан кем емес мерзімге сақталады.

7. Түзету мекемесінде қайтыс болған, айыпталушы ретінде тартылған, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық істері сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тоқтатылған адамдарға арналған, сондай-ақ өліміне байланысты дактилоскопиялық карталар тиісті құжаттар келіп түскеннен кейін алынады.

8. Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтаған кезде танылған адамның дактилоскопиялық карталары Комитеттің аумақтық органның картотекасынан алып тастауға жатады. Алынған дактилоскопиялық карталардың, тану хаттамаларының көшірмелері Комитетке жіберіледі.

ҚР БП ҚСЖАЕАК-нің аумақтық органның атауы, қолы, тегі

Ескерту: тізімге есепті кезеңдегі жазасын өтейтін жерге кеткен барлық сотталған адамдар (транзитпен өтетіндерден басқа) кіреді.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
13-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық ақпараттар банкіне ұсынуға жататын ақпараттық есепке алу құжаттарының тізбесі

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық ақпараттар банкіне (бұдан әрі – МАБ) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің мынадай баптарымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін сотталған адамдарға қатысты ақпараттық есепке алу құжаттары (бұдан әрі – АЕҚ) жіберілуге жатады:

- 1) 99-бап (адам өлтіру);
- 2) 101-баптың 1, 2-бөліктері (аффект жағдайында жасалған адам өлтіру);
- 3) 105-баптың 3-бөлігі (өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу);
- 4) 106-баптың 1, 2, 3-бөліктері (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру);
- 5) 110-баптың 2-бөлігі (қинау);
- 6) 116-баптың 2, 3-бөліктері (адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою);
- 7) 118-баптың 3-бөлігі (адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтыру);
- 8) 120-баптың 2, 3, 3-1, 3-2, 4-бөліктері (зорлау);
- 9) 121-баптың 2, 3, 3-1, 3-2, 4-бөліктері (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері);
- 10) 122-баптың 2, 3-бөліктері (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау);

11) 123-баптың 2-бөлігі (жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету);

12) 124-бап (жас балаларды азғындық жолға түсіру);

13) 125-бап (адамды ұрлау);

14) 126-баптың 3-бөлігі (бас бостандығынан заңсыз айыру);

15) 128-баптың 2, 3, 4-бөліктері (адам саудасы);

16) 132-бап (кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту);

17) 133-баптың 3-бөлігі (кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту);

18) 134-баптың 2, 3, 4-бөліктері (кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту);

19) 135-бап (кәмелетке толмағандар саудасы);

20) 136-бап (баланы ауыстыру);

21) 143-баптың 3-бөлігі (кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету);

22) 146-баптың 2, 3-бөліктері (азаптаулар);

23) 157-баптың 2-бөлігі (ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу);

24) 160-бап (басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу);

25) 161-баптың 2-бөлігі (басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру);

26) 162-бап (жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу);

27) 163-бап (соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану);

28) 166-бап (қарулы қақтығыс уақытындағы әрекетсіздік не қылмыстық бұйрық беру);

29) 168-бап (геноцид);

30) 170-бап (жалдамалылық);

31) 171-бап (жалдамалыларды дайындайтын базалар (лагерьлер) құру);

32) 172-бап (шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу);

33) 173-бап (халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау);

34) 174-бап (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру);

35) 175-бап (мемлекетке опасыздық жасау);

36) 176-бап (тыңшылық);

37) 179-бап (Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту);

38) 180-бап (сепаратистік әрекет);

39) 181-бап (қарулы бүлік);

40) 182-бап (экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу);

41) 184-бап (диверсия);

42) 185-баптың 3-бөлігі (мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету);

43) 188-баптың 3, 4-бөліктері (ұрлық);

44) 190-баптың 2, 3, 4-бөліктері (алаяқтық);

45) 191-баптың 2, 3, 4-бөліктері (тонау);

46) 192-бап (қарақшылық);

47) 193-бап (ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру);

48) 194-баптың 2, 3, 4-бөліктері (қорқытып алу);

49) 197-бап (мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу);

50) 200-баптың 3, 4-бөліктері (автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу);

51) 202-баптың 2, 3-бөліктері (бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру);

52) 203-бап (ерекше құндылығы бар заттарды қасақана жою, әкету немесе бүлдіру);

53) 210-баптың 2, 3-бөліктері (зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату);

54) 211-бап 3-бөлігі (қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату);

55) 218-баптың 2, 3-бөліктері (қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату));

56) 231-бап (жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу);

57) 232-бап (жалған төлем карточкалары мен өзге де төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе өткізу);

58) 234-бап (экономикалық контрабанда);

59) 242-бап (банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсыну);

60) 255-бап (терроризм актісі);

61) 256-бап (терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру);

62) 257-бап (террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу)

;

- 63) 258-бап (террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік);
- 64) 259-бап (террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру);
- 65) 260-бап (террористік немесе экстремистік даярлықтан өту);
- 66) 261-бап (адамды кепілге алу);
- 67) 262-бап (ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу);
- 68) 263-бап (қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу);
- 69) 264-бап (трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу);
- 70) 265-бап (трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу);
- 71) 266-бап (қылмыстық топтың әрекетін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу);
- 72) 267-бап (заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру);
- 73) 268-бап (бандитизм);
- 74) 269-бап (ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу);
- 75) 270-бап (әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу);
- 76) 271-бап (теңіз қарақшылығы);
- 77) 272-бап (жаппай тәртіпсіздік);
- 78) 273-бап (терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау);
- 79) 281-баптың 2, 3-бөліктері (жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу);
- 80) 282-баптың 2, 3-бөліктері (ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу);
- 81) 283-баптың 2, 3-бөліктері (радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу);
- 82) 284-баптың 2, 3-бөліктері (радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу);
- 83) 285-бап (радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу);
- 84) 286-баптың 2, 3, 4-бөліктері (айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы);

85) 287-баптың 2, 3, 4, 5-бөліктері (қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру);

86) 288-баптың 2, 3-бөліктері (қаруды заңсыз жасау);

87) 289-бап (атыс қаруын ұқыпсыз сақтау);

88) 290-баптың 2-бөлігі (қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау);

89) 293-баптың 3-бөлігі (бұзақылық);

90) 294-бап (тағылық);

91) 296-бап (есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу);

92) 297-баптың 1, 2, 3, 4-бөліктері (есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу);

93) 308-баптың 2, 3-бөліктері (жезөкшелікпен айналысуға тарту);

94) 312-бап (кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту);

95) 313-бап (қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату);

96) 360-баптың 2-бөлігі (халықаралық ұшу қағидаларын бұзу);

97) 392-баптың 2-бөлігі (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту);

98) 402-бап (сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға арандататын әрекеттер);

99) 14-бап (қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы).

2. Баптың саралануына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында сотталған және айыпталушы ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылған шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты АЕҚ-ны МАБ-қа жіберуге жатады.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау

нысан

ҚР БП

ҚСЖАЕК-нің аумақтық органның атауы

Анықтамалық деректерінің (тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), ұлтын, туған күнін мен жерін) ауысу себебімен жеке басты куәландыратын құжаттарды алмастыру мәселесі бойынша ішкі істер органдарына жүгінген азаматтар туралы мәліметтер

№ р немесе с	Ішкі істер органының атауы	Анықтамалық деректерінің ауысуы себебінен жүгінген азаматтың Т.А.Ә (ол болған кезде , туған күні, туған жері, жеке сәйкестендіру нөмірі	Азаматтың Т.А.Ә (ол болған кезде), ұлты, туған күні, жынысы, туған жері (4 және 5- бағандарда ауыстыруға жататын анықтамалық деректері толтырылады)	Жеке куәлік, төлқұжат беруге ф-1 арыздың нөмірі және беру күні	
1	2	3	4	5	6

Бастық _____
(органның мөрі, лауазымы, тегі, қолы)

Ф-1 – "Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 583 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13911 болып тіркелген) 1-қосышасына сәйкес жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау үшін формулярдың нысаны

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
15-қосымша

Жеке тұлғаға электрондық нысанда мәлімет алу үшін пайдаланушының нұсқаулығы

1. Терминдер және анықтамалар:

1) мемлекеттік органдар үшін ақпараттық сервис – мемлекеттік органдармен жеке тұлғаға қатысты Комитеттің есепке алуы бойынша соттылықтың болуы немесе болмауы туралы деректерді алуы үшін арналған Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ішкі веб-портал) (бұдан әрі – Ақпараттық сервис);

2) пайдаланушы – Ақпараттық сервиспен жұмыс жасайтын мемлекеттік органның қызметкері (жұмыскері);

3) WEB-браузер – веб-парақтарды қарау үшін бағдарламалық қамтамасыз ету (оларды өңдеу, бір парағынан екіншісіне шығару және ауыстыру).

2. Ақпараттық сервис арқылы жеке тұлғаға деректерді алудың міндетті шарты пайдаланушының логині мен құпия сөзінің болуы табылады.

3. Логин мен құпия сөзін алу үшін пайдаланушы дербес түрде Ақпараттық сервиске мынадай мекенжайлар бойынша тіркелуі қажет: <https://10.61.209.21/jetspeed>, <https://10.1.27.4/jetspeed>, <https://10.2.1.141/jetspeed>.

4. Жүйе қосылғаннан кейін бастапқы парақ ашылады, онда жоғарғы оң жақ бөлігіне авторизациялау үшін пайдаланушының логині және құпия сөзін енгізу қажет.

5. Авторизациядан кейін порталда парақ ашылады, онда сол жақтағы навигация мәзірінен "Жеке тұлғаға талапты" таңдау қажет.

Адамға қатысты мәліметтерге сұрау салу үшін <Сұрауды қалыптастыру> түймесін басу қажет және * белгісімен белгіленген барлық жолдарды толтыру керек.

Жолдың оң жақ бөлігінде қалыптасқан сұрау салулардың тізімі және <Сұрау салуды қалыптастыру> түймесі шығады.

<Сұрауды жіберу> басу керек. Сұрау салуды өңдеуге жібергенін растау үшін <ОК> немесе сұрау салуды кері қайтару үшін <Кері қайтару> түймесін басу керек.

6. Барлық жіберілген сұрау салуларды қалыптастырылған сұрау салулар тізімінен көруге болады. Сұрау салуға жауап алғаннан кейін "Сұрау салудың бірегей нөмірі" жолы белсенді болады. Адамға арналған сұрау салудың мәліметтері туралы құжатты ашу үшін сілтемеге көшу керек. Құжат pdf форматында сақтау немесе басып шығару мүмкіндігімен ашылады.

7. Жұмысты аяқтау үшін браузерді жабу керек.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын

12. Орындаушы орган: _____

_____ (лауазымы, тегі)

13. Руководитель органа: _____

_____ (орган басшысының қолы, тегі)

_____ мөр орны

14. Жіберуші органның мекенжайы: _____

_____ (индекс, елді мекен, аудан, облыс)

_____ Ескерту:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің арнайы есепке алу мәліметтерін сұрау салудың бастамашы қолданыстағы заңнамаға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 61-бабына және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79, 89-баптарына сәйкес қолданады.

Сауалнамалық деректер жеке басты растайтын құжаттың негізінде толтырылады. Тексерілуші адамның сауалнамалық деректерін бұрмалап көрсету дұрыс емес мәліметтерді беруге әкеліп соқтырады. Тазартуға және түзетуге жол берілмейді. Талаптың барлық деректемелері толтырылуы керек. Адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН, БСН болмаған кезде тиісті деректемеде "жоқ" жазбасы қойылады.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
17-қосымша

Талаптарға қойылатын мөртаңбалардың үлгілері

1.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ	КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
№ 0000	01 ЯНВ 2016
МӘЛІМЕТТЕР ЖОҚ СВЕДЕНИЙ НЕ ИМЕЕТСЯ	

2.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ	КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
№ 0000	01 ЯНВ 2016
МӘЛІМЕТТЕР БАР СВЕДЕНИЯ ИМЕЮТСЯ	

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
18-қосымша

нысан

№ данасы _____

Қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны, соттылығы туралы, қаңғыбастығы үшін ұсталғаны (қажет еместігін сызып тастау) туралы анықтама № _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (ол болған кезде) _____

" ____ " _____ жылы туған

Туған жері _____

(ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, елі)

Дактилоскопиялық формула _____

Ол _____

(хронологиялық тәртіпте мәліметтер көрсетілсін

_____ қандай сауалнамалық деректермен, қашан, қай сот соттады

_____ (қандай орган ұстады), процестік шешімнің мазмұны, жазасын

_____ қайда өтеді (ұсталды), босату негізі және күні)

_____ анықталды

Анықтаманы _____

_____ құрастырды

(ҚР БП ҚСЖАЕК-нің аумақтық органы қызметкерінің лауазымы, қолы мен тегі)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(мөлшері 150 x 210)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
19-қосымша

нысан

№ данасы

Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау хаттамасы № _____

Дактилоскопиялық формула _____

Ол _____

(хронологиялық тәртіпте мәліметтер көрсетілсін –

қандай сауалнамалық деректермен, қашан, қай сот соттады

(қандай орган ұстады), процестік шешімнің мазмұны, жазасын қайда өтеді

(ұсталды), босату негізі мен күні)

_____ анықталды.

Хаттаманы құрастырды _____

(лауазымы, қолы және тегі)

" ____ " _____ 20__ жылы.

(мөлшері 150x210)

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасаған,
қылмыстық жауаптылыққа
тартылатын, қылмыстық құқық
бұзушылық жасаған үшін
қылмыстық жауаптылыққа
тартылған және адамдарды
арнайы есепке алуды және ұстап
алынған, күзетпен ұсталатын
және сотталған адамдарды
дактилоскопиялық есепке алуды
жүргізу, пайдалану және сақтау
қағидаларына
20-қосымша

НЫСАН

Жариялауға жататын кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтер

№	Тегі	Аты	Әкесінің аты(ол болған кезде)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Туған жылы	Жынысы	Нақты тұрғылықты жері	Адамдар картасының скрині және	Ү
---	------	-----	-------------------------------	---------------------------	------------	--------	-----------------------	--------------------------------	---

